

## **Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысы.

### **Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы**

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.
2. "Қорғаныс қажеттілігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 2072 қаулысының күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының**

**Премьер-Министрі К.Мәсімов**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2015 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1200 қаулысымен

бекітілген

*Ескерту. Қағидалардың бүкіл мәтіні бойынша:*

*"сәттен" деген сөз "күннен" деген сөзben ауыстырылды;*

*"әкесінің аты" деген сөз "әкесінің аты (бар болса)" деген сөздермен ауыстырылды;*

*"келіп түскен" деген сөздер "тіркелген" деген сөзben ауыстырылды;*

*"Т.А.Ә." деген сөздер "Т.А.Ә. (бар болса)" деген сөздермен ауыстырылды – КР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

### **Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары**

Осы Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан

Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 50-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**1-тaraу. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жоспарлау**

**Ескерту. 1-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Ерекше тәртіп қолданылатын мемлекеттік сатып алу (бұдан әрі – мемлекеттік сатып алу) мыналарды:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын болса, құқықтық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алушың бекітілген не нақтыланған жылдық жоспарының (мемлекеттік сатып алушың алдын ала жылдық жоспарының) негізінде ғана қабылдайды

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Заңның 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 31), 32) және 35) тармақшаларына сәйкес сатып алушы қоспағанда, мемлекеттік сатып алушың бекітілген (нақтыланған) жылдық жоспарында (мемлекеттік сатып алушың алдын ала жылдық жоспарында) көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

3. Олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушың жеке жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алушың алдын ала жылдық жоспарын) тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары негізінде тапсырыс беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейді және бекітеді.

Тиісті бюджет комиссиясының оң ұсынысы негізінде тапсырыс беруші тиісті бюджет бекітілгенге (нақтыланғанға) дейін мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын әзірлеуге және бекітуге құқылы.

Мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар болып табылатын тапсырыс берушілер даму жоспары немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілгенге дейін мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын әзірлеуге және бекітуге құқылы.

Көрсетілген жағдайларда мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілгенге дейінгі сатыларда да жеке, сол сияқты ол нақтыланғанға дейінгі сатыларда да әзірленеді және бекітіледі.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын (мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын) әзірлеу Заңға сәйкес жүзеге асырылады және оны тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам бекітеді.

*Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

## **2-тарау. Жалпы ережелер**

*Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

4. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға ретінде әрекет ететін жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны, сондай-ақ алда болатын мемлекеттік сатып алуда өзінің мүдделерін білдіретін лауазымды адамын айқындайды.

5. Тапсырыс берушінің өзі тікелей не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімін орындауға жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесінің атынан мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет ете алады.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы етіп тапсырыс берушіге ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемені айқындауға құқылы.

Тапсырыс берушіге ведомствоның бағынысты бірнеше мемлекеттік мекеме үшін тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ретінде әрекет етуге құқылы.

Тапсырыс берушіге ведомствоның бағынысты бірнеше мемлекеттік мекеме үшін тапсырыс беруші олардың арасынан мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыны айқындауға құқылы.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өзінің ведомствоның бағынысындағы мемлекеттік мекеме, оған қатысты өзі мемлекеттік басқару органы ретінде әрекет

ететін занды тұлға не оған қатысты бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік басқару органы ретінде әрекет ететін занды тұлғамен үлестес тұлға үшін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши ретінде әрекет етуге құқылы.

Мемлекеттік кәсіпорын өзімен үлестес тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши ретінде әрекет етуге құқылы.

Дауды беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлға өзімен үлестес тұлғалар үшін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши ретінде әрекет етуге құқылы.

Тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши бір тұлға ретінде әрекет еткен жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши тапсырыс берушімен, әлеуettі өнім берушілермен, тиісті комиссиялармен және сарапшымен өзара қарым-қатынастарда өзінің атынан өкілдік ететін лауазымды адамды айқындауға міндettі. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушиның өкілі мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшениң қызметкерлері қатарынан айқындалуға тиіс.

6. Ұйымдастыруши осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес айқындалған жағдайда, тапсырыс берушілер ұйымдастырушиға не мемлекеттік сатып алушы бірыңғай ұйымдастырушиға олар белгілеген мерзімде конкурсны ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде:

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарынан үзінді қөшірмені;

2) тапсырыс берушінің басшысы не оның міндептерін атқаратын тұлға қол қойған және әр парагын дәйектеген сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін және техникалық ерекшелігін;

3) конкурстың және сараптау комиссияларының құрамына енгізу үшін кандидатураны (сарапшыны);

4) мемлекеттік сатып алушы жүргізу жөніндегі рәсімдерге қатысу үшін тапсырыс берушінің уәкілдепті өкілдері туралы мәліметтерді;

5) құрылыш жұмыстарын сатып алған кезде құрылыш объектісіне жобалау-сметалық құжаттаманы;

6) маңызды шарттарды көрсете отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын;

7) арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдар үшін әлеуettі өнім берушілердің тізімін қалыптастыру және бекіту үшін әлеуettі өнім берушілер туралы мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерістер енгізілді – КР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. Осы Қағидалардың 6-тармағында көзделген ақпарат өзгерген жағдайда, тапсырыс беруші (тапсырыс берушілер) бұл туралы мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушыны дереу хабардар етеді.

8. Мемлекеттік сатып алуға занды тұлғалардың уақытша бірлестіктері (консорциум) қатысқан жағдайда, осы консорциумның қатысушылары болып табылатын занды тұлғалар өздерінің біліктілік талаптарын растау үшін осы Қағидаларда белгіленген құжаттардан басқа:

1) занды тұлғалардың (консорциумның) мүшелері арасында жасалған нотариат куәландырған ортақ жауапкершілік шартын;

2) бірлескен шаруашылық қызмет туралы шартта көзделген қызмет бөлігінде тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету құқығына арналған тиісті лицензиялардың нотариат куәландырған көшірмелерін не электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі лицензияларды беруге тиіс.

### **3-тaraу. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Мемлекеттік сатып алу мынадай:

- 1) конкурс;
- 2) бір көзден алу тәсілдерінің бірімен жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін осы Қағидаларға сәйкес айқындайды.

### **4-тaraу. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуды үйымдастыру және өткізу**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Қағидалардың 10-1-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу конкурстық құжаттаманың мәтіндерін конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылуы туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама), конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашудың қол қойылған хаттамаларын, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу туралы, жіберу туралы және конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаларды тапсырыс берушілердің интернет-ресурсында және мемлекеттік сатып алу веб-порталында (бұдан әрі – веб-портал) орналастырмай жүзеге асырылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10-1. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдардың конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуын қоспағанда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жоспарланатын мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша қысқаша ақпарат) веб-порталда орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру рәсімін мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушы осы Қағидалардың 28-1, 28-2, 28-3, 28-4 және 29-1-тармақтарында көзделген талаптарды ескере отырып жүзеге асырады.

**Ескеरту. Қағида 10-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алууды ұйымдастыру және өткізу мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:

1) тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушыны, тапсырыс берушінің уәкілетті өкілін белгілеуі;

2) мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушының уәкілетті өкілін айқындауы;

3) мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы әзірлеуі, сондай-ақ қажет болған кезде сараптау комиссиясының құрамын (сарапшыны) қалыптастыруы және бекітуі;

4) мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушының конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық комиссияның хатшысын қалыптастыруы және оны бекітуге ұсынуы;

5) тапсырыс берушінің конкурстық құжаттаманы бекітуі;

6) тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының әлеуетті өнім берушілер тізімін бекітуі ;

7) мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушының веб-порталда жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды орналастыруы;

8) мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушының веб-порталда өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы өтінішхат берген әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыруы;

9) мемлекеттік сатып алууды ұйымдастырушының өтініш берген әлеуетті өнім берушілердің осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруі;

10) әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілмеген әлеуетті өнім берушілерге олардың енгізілмеу себептерін көрсете отырып, веб- портал арқылы хабарлама жіберу;

11) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлауы;

12) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың көшірмесін ұсынуы, сондай-ақ осындай әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтерді конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізу;

13) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының осы Қағидалардың 38 – 40-тар мақтарында көзделген жағдайларда, конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілерге оның ережелерін түсіндіруі;

14) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркеуі;

15) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуы, сондай-ақ конкурстық комиссия отырысының тиісті хаттамасын ресімдеуі;

16) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін әлеуетті өнім берушілерге не олар туралы мәліметтер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген олардың үәкілдегі жіберуі (ұсынуы);

17) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастыруы және алдын ала рұқсат ету туралы тиісті хаттаманы ресімдеуі;

18) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат етілген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастыруы және алдын ала рұқсат беру туралы тиісті хаттаманы ресімдеуі;

19) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманың көшірмесін жіберуі (ұсынуы);

20) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына және біліктілік талаптарына сәйкестендіру;

21) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер тізілімін қалыптастыруы және рұқсат беру туралы тиісті хаттаманы ресімдеуі;

22) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерге рұқсат беру туралы хаттаманың көшірмелерін жіберуі (ұсынуы);

23) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер ұсынған мәліметтерді, конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналында тіркеуі;

24) конкурсқа қатысушылардың баға ұсыныстары салынған конверттерді ашу, конкурстық комиссияның конкурстық баға ұсыныстарын бағалауы және салыстырып тексеруі (конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларын шығаруы);

25) конкурстық комиссияның конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеп, оған қол қоюы және оны мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге жіберуі;

26) тапсырыс берушінің конкурс жеңімпазымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуы.

Осы тармақтың 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көзделген іс-шаралар арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдарға қолданылмайды.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Тапсырыс беруші Заңның 5-бабының 13-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Мұндай жағдайда тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши:

1) өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысатын тұлғаларды қабылданған шешім туралы хабардар етуге;

2) енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді және (немесе) мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндетті.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **1-параграф. Конкурстық құжаттаманы әзірлеу, келісу және бекіту**

**Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізуіндің талаптары мен тәртібін айқындау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес үлгілік конкурстық құжаттама негізінде қазақ және орыс тілдерінде конкурстық құжаттаманы әзірлейді.

14. Егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, онда оның біліктілік талаптарына сәйкестігін раставу үшін Қазақстан Республикасының резиденттері беретін құжаттар не Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар

туралы заңнамасының және Қазақстан Республикасы ратификациялаған шарттардың талаптарын ескере отырып, конкурстық құжаттаманың тілдеріне нотариат куәландағы аудармасымен бірге Қазақстан Республикасының резиденті емес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттар ұсынылады.

15. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши әзірлеген конкурстық құжаттаманы тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам, не бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын адам бекітеді.

Мемлекеттік сатып алу осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес өткізілген жағдайда конкурстық құжаттаманы ұйымдастыруышының бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам бекітеді.

*Ескеरту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

15-1. Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде техникалық ерекшеліктің орнына конкурстық құжаттамада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама қамтылуы тиіс.

*Ескерту. Қағида 15-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

15-2. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін тапсырыс берушіге қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Құрылыш (жаңа құрылыш, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және құрделі жөндеу), техникалық-экономикалық негіздемені, жобалау-сметалық құжаттаманы және қала құрылышы жобаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) әлеуетті өнім берушінің материалдық және еңбек ресурстарын иеленетінін растайтын құжат болып табылады.

*Ескерту. Қағида 15-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

16. Біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлуге міндетті.

Тауар жеткізілетін, қызметтер көрсетілетін кемінде бес орын болғанда конкурс тәсілімен өткізілетін лотта тауар жеткізілетін, қызметтер көрсетілетін бірнеше орынды көрсетуге жол беріледі.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **2-параграф. Конкурстық комиссияны, сарапшыны (сараптау комиссиясын) бекіту**

**Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы өткізу рәсімдерін орындау үшін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы әрбір конкурсқа жеке конкурстық комиссия құрады және конкурстық комиссияның хатшысын айқындайды.

Конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссияның хатшысын айқындау, сараптау комиссиясын құру не сарапшыны айқындау туралы шешімді мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушының бірінші басшысы немесе бюджеттік бағдарламаның басшысы не оның міндетін атқаратын адам қабылдайды.

Егер сатып алушы ұйымдастырушы болып тікелей тапсырыс берушінің өзі не мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыру рәсімдерін орындауға және өткізуге жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесі тұлғасында әрекет ететін болса, конкурстық комиссияны құру және конкурстық комиссияның хатшысын айқындау туралы шешімді бірінші басшы не оның міндетін атқаратын тұлға қабылдайды.

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тиісті қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша оның өкілдерін конкурстық комиссияның құрамына енгізе алады.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы әзірлеу кезеңінде сараптау комиссиясын құра (сарапшыны тарта) алады.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

18. Конкурстық комиссияның төрағасы, төрағасының орынбасары және басқа да мүшелері конкурстық комиссияның мүшелері болып табылады. Төраға болмаған уақытта оның функцияларын оны алмастыратын тұлға орындейдайды. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауға және кемінде үш адам болуға тиіс.

Конкурстық комиссияның төрағасы болып мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам

айқындалуға тиіс. Егер мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши болып тапсырыс беруші өзі әрекет ететін болса, конкурстық комиссияның тәрағасы болып тапсырыс берушінің бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам айқындалуға тиіс. Егер мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши болып тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру рәсімдерін орындауға және өткізуге жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесі түлғасында әрекет ететін болса, конкурстық комиссияның тәрағасы болып тапсырыс берушінің осы құрылымдық бөлімшесінің басшысынан төмен емес лауазымды адам анықталуға тиіс.

19. Конкурстық комиссияның тәрағасы:

- 1) конкурстық комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметіне басшылық жасайды;
- 2) конкурстық комиссияның отырыстарында тәрағалық етеді;
- 3) осы Қағидаларда көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

20. Конкурстық комиссия оны құру туралы шешім күннен бастап әрекет етеді және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап өз қызметін тоқтатады.

21. Конкурстық комиссияның отырыстары конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігінің қатысуы шартымен өткізіледі және конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелері мен конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі болмаған жағдайда, конкурстық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіліп, аталған фактіні раnstайтын құжат қоса беріледі.

22. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады. Дауыстар тен болған жағдайда конкурстық комиссияның тәрағасы немесе ол болмаған жағдайда, тәрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп саналады. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, ол жазбаша түрде баяндалуға және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуге тиіс.

23. Конкурстық комиссияның ұйымдастыру қызметін конкурстық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

Конкурстық комиссияның хатшысы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушиның мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамдарының қатарынан айқындалады.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссияның отырысын өткізуі үйымдастырады;

2) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы, конкурс қорытындылары туралы хаттаманы, сондай-ақ конкурстық комиссия отырыстарының басқа да хаттамаларын ресімдейді және оларға қол қояды;

3) тапсырыс берушіге конкурстық комиссия қол қойған отырыстар хаттамаларын, сарапшының (сараптау комиссиясының) қорытындысын жібереді;

4) конкурстық өтінімдерді ашқан күннен бастап тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу құжаттарының және материалдардың сақталуын қамтамасыз етеді;

5) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

24. Мемлекеттік сатып алуды үйымдастыруышыда әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін айқындау үшін тиісті бейіндегі мамандар болмаған жағдайда, мемлекеттік сатып алуды үйымдастыруышы Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, сарапшылар ретінде мемлекеттік қызметшілерді өтеусіз негізде, ал өзге сарапшыларды тараптардың уағдаластығы бойынша ақылы, сондай-ақ өтеусіз негізде тартуы мүмкін.

Сарапшы ретінде қандай да бір тұлғаны тарту үшін оның қызмет бейінінің мемлекеттік сатып алу нысанасына сәйкестігі міндетті шарт болып табылады.

Мемлекеттік сатып алуды үйымдастырған кезде мемлекеттік сатып алуды үйымдастыруыш тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды үйымдастыруышының не олардың ведомстволық бағынысты мекемелердің мамандарын сарапшылар ретінде тарта алады.

Сарапшыны ақылы негізде таңдауды мемлекеттік сатып алуды үйымдастыруыш Заңға сәйкес жүзеге асырады.

25. Уш немесе одан көп сарапшыны тартқан жағдайда, мемлекеттік сатып алуды үйымдастыруыш тартылған сарапшылардың қатарынан сараптау комиссиясын құрады және олардың арасынан сараптау комиссиясының басшысын айқындаиды.

Сараптау комиссиясын құру және сараптау комиссиясының басшысын айқындау туралы шешімді мемлекеттік сатып алуды үйымдастыруышының бірінші басшысы немесе аппарат басшы не оның міндеттін атқаратын адам қабылдайды.

*Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

26. Сарапшылар (сараптау комиссиясы) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттама

талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптамалық қорытынды береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ. Егер сарапшылардың (сараптау комиссиясының) қорытындысы конкурстық құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған болса ғана оны конкурстық комиссия міндетті түрде ескереді. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар (сараптау комиссиясының мүшелері) қол қояды және конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сарапшы сараптау комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, мұндай сарапшы ерекше пікірін жазбаша баяндайды, ол сараптау комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

27. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу басталғанға дейін конкурстық комиссияның мүшелері, конкурстық комиссияның хатшысы, сондай-ақ сарапшы (сараптау комиссиясы) бекітілген конкурстық құжаттамамен және оған қосымшалармен танысуға тиіс.

### 3-параграф. Әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастыру және бекіту

**Ескеरту. 3-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Ескерту. 3-параграф жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы осы Қағидалардың 28-1, 28-2, 28-3, 28-4, 29-1-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің мекенжайына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтер пайдаланылмайтын, бірақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтер пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жіберілетін әлеуетті өнім берушілердің Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары белгіленген тәртіппен беретін, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс істеуге рұқсаты болуға тиіс.

Тауарларды мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігі үшін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын іске асыру шеңберінде тапсырыс беруші "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сенімді бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімінен әлеуетті өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.

Бұл ретте техникалық және функционалдық сипаттамаларға сәйкес келетін өнімді жеткізетін әлеуettі өнім берушілер болмаған не "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сенімді бағдарламалық қамтылым және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізілімінде олардың атына хабарлама жіберілетін әлеуettі өнім беруші екеуден кем болғанда тапсырыс беруші осы Қағидалардың 29-тармағына сәйкес әлеуettі өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28-1. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдарды қоспағанда, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы жоспарланған мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыруды веб-порталда орналастырады. Хабарландыруда мынадай ақпарат қамтылады:

- 1) тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, олардың орналасқан жері;
- 2) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімдері;
- 3) тиісті орган бекіткен номенклатуралық анықтамалыққа сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды;
- 4) әлеуettі өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхаттарды қабылдау күні мен уақыты көрсетіледі.

Бұл ретте, әлеуettі өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхаттарын қабылдау Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін (коса алғанда) бір жұмыс күнін құрайды;

- 5) жоспарлатын мемлекеттік сатып алу туралы қысқаша сипаттама.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу Заңың 39-бабының 4), 9), 9-1), 31), 32) және 35) тармақшаларында көзделген жағдайларда хабарландыру орналастырылмай жүзеге асырылады.

Хабарландыруда Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мәліметтердің болуына жол берілмейді.

Хабарландыруды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы веб-порталда мемлекеттік сатып алуды өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бүрын орналастырады.

**Ескерту. 28-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28-2. Жоспарланып отырған мемлекеттік сатып алуға қатысуға ниет білдірген әлеуettі өнім беруші веб-портал арқылы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға өзін әлеуettі өнім берушілер тізіміне енгізу туралы өтінішхат береді.

Берілетін өтінішхатта әлеуettі өнім беруші осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайды.

Әлеуettі өнім беруші әлеуettі өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхатты осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши белгілеген мерзімде веб-порталда қалыптастырады.

28-3. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы үйымдардың мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушиның қоспағанда, мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши мемлекеттік сатып алушы өткізу басталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға олардың сәйкестігіне тексеру жүргізе отырып, өтінішхат бергендердің ішінен әлеуettі өнім берушілердің тізімін веб- порталда қалыптастырады.

Бұл ретте, егер өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы өтінішхат түспесе немесе екеуден аз әлеуettі өнім берушіден түссе не мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши жүргізген осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін бір әлеуettі өнім берушіге рұқсат етілген жағдайда, хабарлама жіберілетін әлеуettі өнім берушілердің тізімін үйымдастыруши толықтыруы мүмкін.

Өтініш берген және осы Қағидалардың 29-1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін әлеуettі өнім берушілер хабарлама жіберілетін әлеуettі өнім берушілердің тізіміне енгізіледі.

**Ескерту. 28-3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28-4. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы үйымдардың мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушиның қоспағанда, мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши әлеуettі өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуettі өнім берушілердің атына мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Тізімге енгізілмеген әлеуettі өнім берушілерге олардың енгізілмеу себептері көрсетіліп, өтінішхатты қабылдамау туралы хабарлама жіберіледі.

Әлеуettі өнім берушілердің өтінішхатын қабылдамау туралы хабарлама осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес әлеуettі өнім берушілердің тізімі бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жіберіледі.

**Ескерту. 28-4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Атына хабарлама жіберілетін әлеуettі өнім берушілердің тізімін Заңның 6-бабында көзделген шектеулерді ескере отырып, тапсырыс беруші жасайды және оны тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндегін атқарушы тұлға бекітеді.

Мемлекеттік сатып алу Заңның 7-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес өткізілген жағдайда конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуettі өнім берушілердің тізімін мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши жасайды және үйымдастырушиның бірінші

басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам не аппарат басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам бекітеді.

**Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 18.03.2021 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29-1. Арнаулы мемлекеттік органдар мен олардың қарамағындағы ұйымдарды қоспағанда, хабарлама жіберілетін әлеуettі өнім берушілердің тізімін ұйымдастыруышы мыналарды ескере отырып қалыптастырады:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары белгіленген тәртіппен беретін мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстарға рұқсат, ол өткізілетін мемлекеттік сатып алушың мәніне сәйкес болуы тиіс;

2) Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің болмауы;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталында тиісті тіркеудің болуы.

Бұл ретте мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстарға рұқсаттың болуы мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтер пайдаланылатын мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде ғана міндетті.

Хабарлама жіберілетін әлеуettі өнім берушілердің тізімін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы веб-порталда қалыптастырады.

**Әлеуettі өнім берушілердің тізімін ұйымдастыруышының бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы тұлға бекітеді.**

**Ескерту. 29-1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

30. Өндіру, қайта өндіреу, жеткізу және өткізу үшін әлеуettі өнім берушінің оларды өндіруге, қайта өндіреуге, жеткізуге және өткізуге құқығы талап етіletіn тауарларды, жұмыстарды, көрсетіletіn қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша тапсырыс беруші тиісті құқықтары бар әлеуettі өнім берушілер қатарынан конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуettі өнім берушілердің тізімін қалыптастырады.

Азық-тұлік тауарларын және тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетіletіn қызметтерді сатып алу кезінде конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуettі өнім берушілердің тізімі отандық тауар өндірушілер және/немесе отандық кәсіпкерлер қатарынан қалыптастырылады.

**Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**4-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетіletіn қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы әлеуettі өнім берушілерді хабардар ету**

**Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

31. Мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсыңа қатысуға өтінім беруінің соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн қалғанда әлеуетті өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуетті өнім берушілердің атына мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарлама осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Хабарламаға жауап ретінде әлеуетті өнім берушінің сұрау салуы бойынша конкурстық құжаттаманың көшірмесін жібереді және конкурстық құжаттаманы алған тұлғаның орналасқан жері, пошта мекенжайы туралы мәліметтерді, сондай-ақ тұлға туралы басқа да мәліметтерді көрсете отырып, бекітілген конкурстық құжаттаманы ұсыну фактісінің хронологиялық тәртіппен тіркелуін қамтамасыз етеді.

*Ескеरту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

32. Конкурс тәсілімен қайта мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайда, мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ конкурсыңа арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік он күн қалғанда осы Қағидалардың 31-тармағында көзделген талаптарды орындауға міндettі.

Мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушиның хабарландыруында (хабарлама) қамтылған мәліметтер конкурстық құжаттамада көрсетілген мәліметтерге сәйкес келуге тиіс.

*Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

##### **5-параграф. Әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттаманың көшірмесін беру**

*Ескерту. 5-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

33. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарланған күннен бастап мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушиның уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши бір тараптан әрекет еткен жағдайда – конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық құжаттаманың қағаз жеткізгіштегі көшірмесін әлеуетті өнім берушіге (оның уәкілетті өкіліне) әлеуетті өнім беруші жүгінген күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей береді (жібереді).

34. Мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушиның уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алушы үйымдастыруши бір тараптан әрекет еткен жағдайда – конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстың құжаттаманың көшірмесін алға әлеуетті өнім беруші өкілінің тиісті түрде ресімделген өкілеттіктерін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) әлеуетті өнім берушінің не оның уәкілетті өкілінің конкурстың құжаттама көшірмесінің берілгені үшін төлемді енгізгені туралы құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

3) конкурстың құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналына осы Қағидалардың 35-тармағының 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді енгізеді;

4) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкіліне қол қойғызып, конкурстың құжаттаманың көшірмесін береді не пошта байланысын пайдалана отырып жібереді;

5) осы Қағидалардың 36, 38 және 66-тармақтарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

35. Конкурстың құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналында мынадай мәліметтер көрсетілуге тиіс:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушың атауы мен өткізілетін мерзімі;

2) тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышының атауы, олардың орналасқан жері;

3) әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;

4) әлеуетті өнім берушінің толық атауы, орналасқан жері және байланыс телефондары;

5) конкурстың құжаттаманың көшірмесін әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілі алған уақыты мен күні;

6) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарламада конкурстың құжаттаманың көшірмесін бергені үшін төлемді өндіріп алу туралы нұсқама қамтылған болса, мұндай төлемнің енгізу фактісі.

36. Конкурстың құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді және мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышының уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы бір тараптан әрекет еткен жағдайда – конкурстың комиссияның хатшысы дәйектейді. Конкурстың құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналының соңғы беті мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышының мөрімен бекітілуге тиіс. Бір қаржы жылышында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен барлық мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстың құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды бірыңғай тіркеу журналын жүргізуге жол беріледі.

37. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру туралы хабарлама жарияланғанға дейін конкурстың құжаттаманың көшірмесін беруге жол берілмейді.

## 6-параграф. Конкурстың құжаттаманың ережелерін түсіндіру

Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38. Конкурстың құжаттаманың ережелерін түсіндіруді, конкурстың құжаттама ережелерін түсіндіру жөнінде кездесулер ұйымдастыруды, түсіндіру мәтіндерін жіберуді мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы жүргізеді.

Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы күні өткенге дейін кемінде құнтізбелік бес күн қалғанда өз бастамасы бойынша немесе тұлғалардың сұрау салуына жауап ретінде конкурстың құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқылы.

Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы конкурстың құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген тіркеу журналына олар туралы мәліметтер енгізілген тұлғаларға өтеусіз негізде жібереді.

Конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі кемінде құнтізбелік он күн мерзімге ұзартылады.

Өздері туралы мәліметтер тіркеу журналына енгізілген тұлғалар мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушыға конкурстың құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен, бірақ конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзіміне дейін құнтізбелік он күннен кешіктірмей жүгінуге құқылы. Конкурстың құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салу мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушыға конкурстың құжаттамада көрсетілген тәсілдермен жіберіледі.

Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салу кімнен түскенін көрсетпей, олар туралы мәліметтер осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға конкурстың құжаттама ережелерін түсіндіруді жібереді.

Қажет болған жағдайда мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы олар туралы мәліметтер осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген тіркеу журналына енгізілген тұлғалардың уәкілетті өкілдерімен белгілі бір жерде және конкурстың құжаттамада көрсетілген тиісті уақытта конкурстың құжаттама ережелерін түсіндіру үшін кездесу өткізеді. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушы мұдделі тұлғалармен көрсетілген кездесу өткізілген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес хаттаманы ресімдейді және қол қояды.

Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы хаттама ресімделген және оған қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, конкурстық комиссияға, сондай-ақ олар туралы мәліметтер осы Қағидалардың 35-тармағында көзделген тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға көрсетілген хаттаманың көшірмесін жібереді.

39. Әлеуетті өнім берушілермен кездесудің хаттамасына мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышының атынан әрекет еткен тұлғалар, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілер немесе олар уәкілеттік берген өкілдер қол қояды.

40. Егер конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу конкурстық құжаттамада белгіленген кездесу өтетін күн мен уақытта әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің келмеуі себебінен өтпеген болса, мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы көрсетілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде конкурстық комиссияға осындай факт туралы жазбаша хабарлайды.

#### **7-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдердің мазмұны және оларды ұсыну**

**Ескерту. 7-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

41. Конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға келісімін, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің өзі туралы Заңның 6-бабында белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулерге сәйкестігін растайтын мәліметтерді алуға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

42. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышыға ұсынатын конкурсқа қатысуға өтінім:

1) үлгілік конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес әлеуетті өнім беруші толтырған және қол қойған өтінімді;

2) әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көзделген жалпы біліктілік талаптарға сәйкестігін растау үшін ол ұсынатын құжаттардың тізбесін қамтуға тиіс.

Әлеуетті өнім берушінің – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның өтінімінде жеке қуәліктің көшірмесі болуы тиіс. Бұл ретте, дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар болуы туралы ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған жағдайда [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтындағы "Электрондық сервис/салық төлеушілерді іздеу" қосымша парагынан алады.

**Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

43. Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуettі өнім беруші сатып алушы үйымдастырушыға тігілген түрде, беттерін нөмірлеп береді және соңғы беті оның қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін, егер ол бар болса) расталады.

Конкурсқа қатысуға өтінімнің техникалық ерекшелігі (тігілген түрде, беттері нөмірленген, соңғы беті әлеуettі өнім берушінің қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін, егер ол бар болса) расталған) және конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке беріледі.

44. Конкурсқа қатысуға өтінімнің нысаны басып шығарылуға немесе өшірілмейтін сиямен жазылуға және оған әлеуettі өнім беруші қол қойып, мөрмен растауға (жеке тұлға үшін, егер ол бар болса) тиіс.

45. Әлеуettі өнім берушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімде жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосымша жазулар болмауға тиіс.

46. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға ниет білдірген әлеуettі өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін оны желімделген конвертпен береді, оның беткі жағында әлеуettі өнім берушінің толық атауы мен пошта мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, конкурсқа қатысуға өтінімді ашпай қайтару мақсатында), мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушының толық атауы мен пошта мекенжайы, конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алушынң атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуге тиіс: "(конкурстың атауы көрсетіледі) сатып алу жөніндегі конкурс" және "(конкурсқа қатысуға өтінімді ашатын күн мен уақыт көрсетіледі) дейін ашпаңы".

47. Белгіленген мерзім өткеннен кейін берілген конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына тіркелмейді, ашылмайды және әлеуettі өнім берушіге қайтарылады.

48. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушы конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде қабылдайды.

49. Мемлекеттік сатып алушы үйымдастырушы:

1) әлеуettі өнім берушінің атынан конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті ұсынған әлеуettі өнім беруші өкілінің өкілеттіктерін құжаттамалық растаудың болуын тексереді;

2) осы Қағидалардың 46-тармағында көзделген мәліметтердің конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерде болуын тексереді. Осы Қағидалардың 46-тармағының талаптарын бұзып ресімделген конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер тіркеуге жатпайды және:

әлеуettі өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конвертті пошта байланысы арқылы алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті ұсынған әлеуettі өнім берушінің уәкілетті өкіліне дереу қайтарылады;

3) тиісті түрде ресімделген конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверттерді қабылдайды және осы тармақта көзделген мәліметтерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

4) конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімге өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

5) конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін оны қайтарып алған жағдайда конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтаруды қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверт оларды берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін тіркелмейді және осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген тәртіппен және мерзімде қайтарылады.

Әлеуettі өнім берушінің толық атауын және пошталық мекенжайын көрсетпей берілген конкурсқа қатысуға өтінімі бар конверт тіркелмейді және ашылмайды.

*Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

50. Мәліметтері мемлекеттік құпияны қамтитын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайда әлеуettі өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып жібереді.

51. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында мынадай мәліметтерді:

1) конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың атауы мен өткізілетін мерзімін;

2) тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының толық атауын, олардың пошта мекенжайын;

3) әлеуettі өнім берушінің уәкілетті өкілінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

4) әлеуettі өнім берушінің толық атауы мен пошта мекенжайын;

5) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверт тіркелген күн мен уақытты;

6) конкурсқа қатысуға өтінімге әлеуettі өнім беруші енгізген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши конкурсқа қатысуға өтінімдерін тіркеуден бас тартылған әлеуettі өнім берушілерді көрсетіп, мұндай бас тартудың себебін баяндайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши бір тараптан әрекет еткен жағдайда –

конкурстың комиссияның хатшысы дәйектейді. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналының соңғы беті мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының мөрімен бекітілуге тиіс.

Бір қаржы жылы ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен барлық мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеудің бірыңғай журналын жүргізуге рұқсат етіледі.

Әлеуетті өнім беруші өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтаруға құқықтарын жоғалтпай, конкурстың өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурсқа қатысуға өзінің өтінімін өзгертуіне немесе қайтарып алына болады.

Озгерістер енгізу конкурсқа қатысуға өтінімнің өзі сияқты дайындалуға, желімделуге және ұсынылуға тиіс.

52. Конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының атына еркін нысандағы өтініш түрінде ресімделеді, оған әлеуетті өнім берушінің қолы қойылады және мөрмен бекітіледі (жеке тұлға үшін егер ол болса).

53. Конкурсқа қатысуға өтінімге өзгеріс енгізу не конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу, егер оларды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін оларға ешқандай өзгерістер енгізілмеуге тиіс.

## **8-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету**

**Ескерту. 8-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

54. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде әлеуетті өнім беруші енгізеді. Әлеуетті өнім беруші конкурстың өтінім берілетін лоттарға ғана конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Өтінімдер конкурстың барлық лотына берілмеген кезде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді лоттардан тұратын конкурсқа бөлінген жалпы сомаға енгізуге жол беріледі.

55. Әлеуетті өнім беруші конкурстың өтінімді қамтамасыз етуді:

мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

ұлгілік конкурстың құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес банктік кепілдік түрінде енгізеді.

56. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем болмауға тиіс. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімін әлеуетті өнім берушінің өтінімнің өзін ұзарту мерзіміне ұзартуына жол беріледі.

57. Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуі жоқ конкурстық өтінімдердің барлығын конкурстық комиссия конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмейтіндер ретінде кері қайтарады.

58. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши мынадай:

1) әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алған не өзгерген және (немесе) толықтырған;

2) конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде табыс етпеген не кері қайтарып алған;

3) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

4) конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындаған не уақытылы орындаған жағдайлардың бірі орын алған кезде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтармайды.

Осы тармақта көзделген жағдайлардың бірі орын алған кезде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасы тиісті бюджеттің кірісіне есепке жатқызылады.

59. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған (atalған жағдай конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды);

3) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған (atalған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды);

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт қүшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

5) әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарылады.

**9-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу**

**Ескерту. 9-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Укіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

60. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуды конкурстық құжаттамада мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши көрсеткен күні, уақытта және орында конкурстық комиссияның қарапайым көпшілігінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушиның уәкілетті өкілінің қатысуымен жүргізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілі конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде қатысуға құқылы.

Конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған тұлғалардың конкурстық комиссияның қызметіне араласуға құқығы жоқ.

61. Олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның уәкілетті өкілі конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, қатысуға құқылы.

62. Егер конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу белгіленген күні конкурстық комиссия мүшелерінің қажетті саны, конкурстық комиссияның хатшысы болмаса, онда конкурстық комиссияның төрағасы, ал ол болмаған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының орынбасары конверттерді ашудың белгіленген уақытына дейін кемінде үш сағат қалғанда бұл туралы мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушины жазбаша не ауызша хабардар етеді, ол конверттерді ашу рәсімі басталғанға дейін конкурстық комиссияның жоқ мүшелерін, конкурстық комиссияның хатшысын алмастыру бөлігінде конкурстық комиссияның құрамына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдан, мұндай алмастырудың себебін көрсетеді.

63. Конкурстық комиссияның отырысы басталғанға дейін конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушілердің мұдделерін білдіруге әлеуетті өнім берушілер өкілдерінің құжат түрінде ресімделген өкілдептігін тексереді.

64. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушиның хабарламасында және конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде берілген конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылуға жатады.

65. Егер конкурсқа (лотқа) конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда да конкурсқа қатысуға өтінім осы Кағидаларға сәйкес ашылады және қаралады.

66. Конкурстық комиссияның көрсетілген отырысында:

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушиның уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши бір тұлғада әрекет еткен жағдайда – конкурстық комиссияның хатшысы қатысушыларды:

конкурстық комиссияның құрамы, конкурстық комиссияның хатшысы;

конкурстың құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілердің саны; әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуының болмауы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алушты үйымдастырушының конкурстың құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізу;

конкурстың құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісінің болуы немесе болмауы, сондай-ақ себептері;

конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелген, белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінімдер берген әлеуетті өтінім берушілер туралы хабардар етеді;

конкурсқа қатысуға өтінім берген әрбір әлеуетті өнім беруші туралы конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген мәліметтерді хронологиялық тәртіппен жария етеді;

осы конкурс бойынша өзге де ақпаратты жария етеді;  
2) төраға не конкурстың комиссия мүшелерінің қатарынан төраға айқындаған тұлға:

конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесі мен олардың қысқаша мазмұнын жария етеді;

3) конкурстың комиссияның хатшысы:  
осы Қағидаларға 9-қосымшага сәйкес өтінімдер салынған конверттерді ашудың тиісті хаттамасын ресімдейді;

әлеуетті өнім берушілерді немесе олардың уәкілетті өкілдерін конкурстың комиссия отырысының көрсетілген хаттамасының көшірмесін алуға болатын мерзім туралы хабардар етеді.

67. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына отырысқа қатысып отырған конкурстың комиссия мүшелерінің бәрі, сондай-ақ конкурстың комиссияның хатшысы қол қояды және әр парагын дәйектейді.

68. Көрсетілген хаттаманың көшірмесі конкурстың комиссияның отырысы өткізілген күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуетті өнім берушілерге немесе конкурстың комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі отырысына қатысқан олардың уәкілетті өкілдеріне, ал болмағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салу алынған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде беріледі.

## 10-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарau, конкурсқа қатысуға рұқсат беру

**Ескерту. 10-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы реcми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

69. Конкурстың комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайды және конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру не рұқсат беру туралы шешім қабылдайды.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама осы Қағидаларға 10-көсімшага сәйкес ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен отырысқа қатысып отырған барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды және әр парагын дәйектейді. Сараптамалық қорытынды не сарапшының (сараптау комиссиясы мүшесінің) ерекше пікірі бар болса, конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беруге болады.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болған жағдайда ресімделмейді.

**Ескерту. 69-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

70. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысы:

1) төрағамен, ал ол болмаған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының орынбасарымен конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау жөніндегі отырысы өткізілетін күн мен уақытты келіседі;

2) конкурстық комиссияның мүшелерін конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау жөніндегі отырысы өткізілетін күн мен уақыт туралы хабардар етеді;

3) конкурстық комиссияның қарауына әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін уақытша беру журналына қол қойдырып, әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуін растайтын құжаттарды береді;

4) сарапшыны (сараптау комиссиясын) тартқан жағдайда олардың қарауына әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін уақытша беру журналына қол қойдырып, әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады.

71. Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін уақытша беру журналы мыналарды:

1) конкурсқа қатысуға өтінімді құрайтын құжаттардың пакетіне кіретін құжаттың атауын;

2) парақ санын;

3) конкурстық өтінім құжаттарын алған адамның тегін, аты-жөнін және қолын, оларды алған күнін;

4) конкурстық өтінім құжаттарын қайтадан алғанын куәландыратын конкурстық комиссия хатшысының тегін, аты-жөнін және қолын, оларды алған күнін қамтуға тиіс.

72. Конкурстық комиссияның мүшелері, сарапшы (сараптау комиссиясының жетекшісі) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімінің құжаттары конкурстық комиссияның хатшысына қайтарылғанға дейін оларды қарау уақытында олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

73. Конкурстық комиссияның өтінімдерді қарау жөніндегі отырысы осындағы комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілігінің қатысуымен өткізіледі.

74. Конкурстық комиссия отырысын өткізбей конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауға жол берілмейді.

75. Конкурстық комиссия:

1) әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін құрайтын құжаттар пакетін олардың толықтығы мен тиісінше ресімделуі тұрғысынан қарайды;

2) құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған және (немесе) тиісті тұрде ресімделмеген құжаттарды ұсынған әлеуетті өнім берушілерді айқындаиды;

3) қажет болған жағдайда конкурсқа қатысуға өтінімдердің қаралуын, оларды бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда сұратады;

4) қажет болған жағдайда конкурсқа қатысуға өтінімдерде бар мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және занды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұрау салуына және өзге де әрекеттеріне жол берілмейді. Конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттамаға сәйкес келтіру деп конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті тұрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі;

5) конкурстық құжаттаманың біліктілік және өзге талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындаиды.

Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық рәсіміне қатысы жоқтығы және (немесе) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған және тиісті борышкерлер тізіліміне енгізілмеген міндеттемелердің болмауы бөлігінде олардың жалпы біліктілік талаптарына сәйкес келуін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсына және атқарушылық құжаттарды орындауды қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты қарайды.

76. Мынадай:

1) банктік кепілдік түрінде берілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

## 2) конкурстық комиссияға:

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

өтінімді қамтамасыз етуге қол қойған лауазымды адамның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы мүндай әлеуетті өнім берушіні конкурстық құжаттама талаптарына сай емес деп тану үшін негіз болып табылмайды;

қатысу үшін банктік кепілдік түрінде берілген өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуудың атауын;

банктік кепілдік түрінде берілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ оны беру шарттарын;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлғаны айқындауға мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауынан көрініс табатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісті түрде ресімделмеген;

3) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың бір пайыздан кем мөлшерінде енгізілген жағдайларда конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімге енгізілген қамтамасыз етуді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп таниды.

Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің тынмен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тыннан кем сома нөлге дейін, ал елу тынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

77. Занды тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай:

олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйеде болмаған жағдайларда әлеуетті өнім берушінің рұқсаттарының (хабарламаларының), сондай-ақ сатып алынатын тауарларды өндіруге, өндеуге, жеткізуге және өткізуғе, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының және басқа да құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынбауы;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбауы;

www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған занды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы ұсынбауы;

құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер қамтылатын құрылтай құжаттарынан (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың

құрамы қамтылмаса) нотариат куәландаған үзіндісін не конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдың ішінде берілген акция ұстаушылардың тізілімінен белгіленген тәртіппен қол қойылған және куәландарылған үзіндінің түпнұсқасының ұсынылмауы;

тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мәлшерінен асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы журналары, міндетті кәсіптік зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің (төлем мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) бар екендігі туралы ақпараттың болуы.

Ескертпе: әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, көрсетілген мәліметтерді ұсыну жолымен айқындалады;

ұлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтердің ұсынылмауы;

конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі (бұл ретте шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуге тиіс);

конкурстық өтінімде ұсынылған құжаттар бойынша дұрыс емес мәліметтердің ұсынылуы фактісінің белгіленуі;

оның банкроттық рәсіміне не таратуға жатуы;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай:

ұлгілік конкурстық құжаттамаға 5-қосымшага сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім ұсынбау;

өтінімді қамтамасыз етуге қол қойған лауазымды адамның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы мұндай әлеуетті өнім берушіні конкурстық құжаттама талаптарға сай емес деп тануға негіз болып табылмайды;

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары неғұрлым үздік техникалық ерекшеліктерді беру жағдайларын қоспағанда\*, конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін ерекшелікті ұсынуы.

\*Ескертпе: тауарлар негізгі (орнатылған) жабдықты үстеме жасақтау, жаңғыру ту және үстеме жарақтандыру, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз ету үшін сатып алынған жағдайда ерекшелік қолданылмайды;

ұлгілік конкурстық құжаттамаға 12-қосымшага сәйкес конкурста сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін (әлеуетті өнім беруші қосалқы

мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда) жұмыстар мен көрсетілетін қызмет түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер туралы мәліметтердің берілмеуі;

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер берілген жағдайда, әлеуетті өнім берушінің жиынтығында орындалған жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің екіден бір бөлігінен астам көлемін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауга) беруі;

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбау негіздері бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп анықталса;

конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі айқындалса;

жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісу туралы хатты ұсынбау;

3) Заңның 6-бабының талаптарын бұзса не ол тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңның 6-бабы 1-тармағының 7), 8), 9) және 10) тармақшаларының талаптарын бұзған жағдайларда конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Ескерту. 77-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

78. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай:

жеке куәліктің көшірмесін ұсынбауы (бұл ретте дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар болуы туралы ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған жағдайда [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтындағы "Электрондық сервис/салық төлеушілерді іздеу" қосымша параграфынан алады);

жеке куәліктің (паспорт) нотариат куәландырган көшірмесін ұсынбауы;

олар туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйеде болмаған жағдайларда, әлеуетті өнім берушінің рұқсаттарының (хабарламаларының), сондай-ақ өндіруге, өндеуге, жеткізуге және сатып алынатын тауарларды өткізуге, жұмыстарды орындауга, қызметтерді көрсетуге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының және басқа да құжаттарының нотариат куәландырган көшірмелерін ұсынбауы;

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың

ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттарды (хабарламаларды) ұсынбауы;

тиісті мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мәлшерінен асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы журналары, міндетті кәсіптік зейнетақы журналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем мерзімі үзартылған жағдайларды қоспағанда) бар екендігі туралы ақпараттың болуы.

Ескертпе: әлеуетті өнім берушілердің қаржылық орнықтылығы осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, көрсетілген мәліметтерді ұсыну жолымен айқындалады;

ұлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді ұсынбауы;

конкурстық құжаттамада көрсетілген шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі (бұл ретте шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетілуге тиіс);

біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпараттың ұсынылуы фактісінің белгіленуі;

оның банкроттық рәсіміне не таратуға жатуы негіздері бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай:

ұлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшага сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім ұсынбау;

техникалық ерекшелікті ұсынбау;

әлеуетті өнім берушінің техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары неғұрлым үздік техникалық ерекшеліктерді беру жағдайларын қоспағанда\*, конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін ерекшелікті ұсынуы.

\*Ескертпе: тауарлар негізгі (орнатылған) жабдықты үстеме жасақтау, жаңғырту және үстеме жарақтандыру, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтамасыз ету үшін сатып алғынған жағдайда ерекшелік қолданылмайды;

ұлгілік конкурстық құжаттамаға 12-қосымшага сәйкес конкурста сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда) жұмыстар мен көрсетілетін қызмет түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер туралы мәліметтердің берілмеуі;

қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер берілген жағдайда, әлеуетті өнім берушінің жиынтығында орындалған жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің екіден бір бөлігінен астам көлемін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлікке (бірлесіп орындауға) беруі;

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсынбау негіздері бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп анықталса;

конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша дәйексіз ақпарат ұсыну фактісі айқындалса;

жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісу туралы хатты ұсынбау;

3) Заңның 6-бабының талаптарын бұзса не ол тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңның 6-бабы 1-тармағының 7), 8), 9) және 10) тармақшаларының талаптарын бұзған жағдайларда конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Ескерту. 78-тармаққа өзгерістер енгізілді – КР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

79. Сарапшы не сараптау комиссиясы төраға белгілеген мерзімде, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімді қарau мерзімінен кешіктірмей:

1) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін растау үшін олар ұсынған құжаттардың толықтығы және тиісті түрде ресімделуі тұрғысынан қарайды және өз құзыреті шегінде зерделейді;

2) әлеуетті өнім берушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас болігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкестігі не сәйкес келмеуі туралы сараптамалық қорытындыны ресімдейді және оған қол қояды;

3) тиісті түрде ресімделген сараптамалық қорытындыны ұсынады, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілердің құжаттарын конкурстық комиссияның хатшысына береді.

80. Егер функционалдық және басқа да сипаттамалары неғұрлым үздік тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес болмауына жол беріледі.

81. Сарапшы ерекше пікір білдіретін жағдайларды қоспағанда, сарапшының (сараптау комиссиясының) қорытындысына барлық сарапшылар қол қояды және әр парадын дәйектейді.

82. Сарапшының (сараптау комиссиясының) қорытындысын алғаннан кейін конкурстық комиссияның хатшысы:

1) бұл туралы тәрағаны, ал ол болмаған жағдайда конкурстық комиссия тәрағасының орынбасарын хабардар етеді және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындыларын шығару үшін конкурстық комиссия отырысы өткізілетін күні мен уақытын онымен келіседі;

2) конкурстық комиссияның мүшелерін, сондай-ақ сарапшыны (сараптау комиссиясын) конкурстық комиссия отырысын өткізу белгіленген күн мен уақыт туралы хабардар етеді.

83. Конкурстық комиссияның көрсетілген отырысында:

1) конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшелерін сарапшының (сараптау комиссиясының) сараптамалық қорытындысының көшірмесімен қамтамасыз етеді;

2) сараптау комиссиясының сарапшысы не жетекшісі негізделген тұжырымдары бар сараптамалық қорытындыны, оның ішінде сараптау комиссиясы сарапшысының ерекше пікірін (егер олар бар болса) жариялады, қажет болған кезде конкурстық комиссияның мүшелеріне сараптамалық қорытындының тұжырымдарын түсіндіреді;

3) конкурстық комиссия сарапшының (сараптау комиссиясының) қорытындысын ескере отырып, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындыларын шығарады және біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды;

4) конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру не рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Ескерту. 83-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

84. Біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер анықталған жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген, алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап кемінде жеті жұмыс күні болуға тиіс мерзімде конкурсқа қатысуға өтінімдерін біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы мынадай:

- 1) Заңның 6-бабының талаптарын бұзған;
- 2) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша дәйектіз ақпарат берген;
- 3) конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не осы Қағидаларда белгіленген мөлшерде енгізбеген әлеуетті өнім берушілерге берілмейді.

*Ескерту. 84-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

85. Ұйымдастыруши алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға өтінімдерін біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру қажеттігі туралы хабардар етеді.

85-1. Әлеуетті өнім берушілер алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей сәйкес келтірілген конкурстық өтінімдерді мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушиға беттерін нөмірлеп, тігілген түрде ұсынады. Конкурстық өтінімнің соңғы беті қолмен және мөрмен (егер мұндай бар болса) расталады.

*Ескерту. Қағида 85-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

85-2. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши конкурсқа қатысуға өтінімі бар тиісінше ресімделген конверттерді қабылдайды және мәліметтерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді.

*Ескерту. Қағида 85-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

86. Біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірүлерді жазбаша нысанда сұратуға құқылы;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы Қағидалардың 84-тармағында көзделген біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісті түрде ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге байланысты конкурстық комиссияның сұрату жіберуіне және өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді.

*Ескерту. 86-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

87. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінім мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді деп қарайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарau кезінде конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша қабылдамауына жол бермейді.

Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіргенмен кейін, егер:

1) ол және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Занда және осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса;

2) ол Заңның 6-бабының талаптарын бұзса;

3) оның конкурсқа қатысуға өтінімі Занда және осы Қағидаларда айқындалған негіздер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

**Ескерту. 87-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

88. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді қайта қарau нәтижелері бойынша күнтізбелік 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

1) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындейді және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес ресімделеді, әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысувына рұқсат беру туралы шешім қабылданған (конкурсқа қатысушы деп танылған) күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның отырысқа қатысып отырған барлық мүшелері және конкурстық комиссия хатшысы қол қояды, әрбір парағын дәйектейді. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға, бар болса, конкурстық комиссия мүшесінің сараптамалық қорытындысы не ерекше пікірі, сарапшының (сараптау комиссиясы мүшесінің) ерекше пікірі тіркелуі мүмкін.

**Ескерту. 88-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

89. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде конкурстық комиссияның хатшысы көрсетілген хаттама көшірмелерінің конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде жіберілуін қамтамасыз етеді.

## **11-параграф. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру (конкурс)**

**Ескерту. 11-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

90. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушыға конкурстық баға ұсынысы салынған конвертті береді.

91. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні, уақытта және орында конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөнінде отырыс өткізеді.

92. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген мерзім ішінде конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді беру және конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін конкурсқа қатысушылардың өкілдерінде өкілеттіктерін құжаттамалық растаудың болуына көз жеткізеді;

2) конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына конкурсқа қатысушылар не олардың уәкілетті өкілдері туралы мәліметтерді енгізеді.

93. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген уақыт өткеннен кейін ұсынған конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттер бағалауға және салыстыруға қабылданбайды.

94. Конкурстық комиссияның хатшысы тіркеуден бас тартылған конкурсқа қатысушылардың тізімін көрсетіп, конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналында мұндай бас тартудың себебін баяндайды.

95. Конкурстық комиссияның отырысында:

1) конкурстық комиссияның төрағасы не конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан төраға белгілеген адам:

конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді хронологиялық тіркелу тәртібімен ашады;

конкурстық баға ұсыныстарын ұсынған конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын хронологиялық тіркелу тәртібімен жариялады;

конкурстық комиссияның төрағасына конкурстық баға ұсыныстары бар ашылған конверттерді береді;

2) конкурстық комиссия:

конкурсқа қатысушылардың осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып түсетін конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамайды;

осы Қағидаларда белгіленген жағдайда демпингтік бағаны айқындайды және конкурсқа қатысушының демпингтік баға болып табылатын конкурстық баға ұсынысын қабылдамайды;

конкурсқа қатысушылардың бағаларын салыстырады және олардың ішінен ең төменгі баға негізінде конкурс женімпазын айқындайды;.

ең төмен баға ұсынысынан кейінгі баға негізінде екінші орын алған әлеуettі өнім берушіні айқындауды;

әлеуettі өнім берушілердің ең төмен баға ұсыныстары тең болғанда қатысуға өтінімі басқа әлеуettі өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінен ерте келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

**Ескеrtу. 95-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

96. Әлеуettі өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстары тең болған жағдайда конкурс нысаны болып табылатын, сатып аlyнатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі мол әлеуettі өнім беруші жеңімпаз болып табылады.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысатын әлеуettі өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қараған кезде конкурстық комиссия әрбір жылын ескере отырып, осы конкурста сатып аlyнатын тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету нарығындағы жұмыс тәжірибесін ғана қарастырады.

Бағалары бірдей біrnеше әлеуettі өнім берушінің жұмыс тәжірибесі тең болған кезде конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуettі өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын тіркелген конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

**Ескеrtу. 96-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

97. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі отырыстарының нәтижелері бойынша :

1) конкурстық комиссияның төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жүргізілген күні:

конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған тұлғаларға конкурс тәсілімен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың нәтижелерін жариялайды және қатысушыларға конкурс жеңімпазын хабарлайды;

2) конкурстық комиссияның хатшысы:

конкурстық комиссияның конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманың жобасын жасайды және оған отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің, сондай-ақ конкурстық комиссия хатшысының қол қоюын және әрбір парағын дәйектеуін қамтамасыз етеді;

ол туралы мәліметтер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген конкурсқа қатысуға өтінім берген кез келген әлеуетті өнім берушінің талап етуі бойынша осындай жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осындай әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдеріне жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін өтеусіз негізде жібереді не ұсынады;

конкурс тәсілімен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге көрсетілген хаттаманың көшірмесін ұсынуды қамтамасыз етеді.

98. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің бәріне конкурстың қорытындылары туралы хабарлама жіберуге міндетті.

**12-параграф. Айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшеріне дейінгі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу**

**Ескеरту. 12-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

99. Егер белгілі бір тауарды не белгілі бір жұмысты, көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алудың жылдық көлемі құндық мәнінде тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы занда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, онда конкурс мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) тапсырыс берушінің бірінші басшысының не бірінші басшының міндеттін атқаратын тұлғаның шешімімен конкурстық комиссияның құрамы бекітіледі, конкурстық комиссияның хатшысы айқындалады, қажет болған кезде сараптау комиссиясы құрылады не сарапшы айқындалады.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши құндық мәнде тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы занда белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын белгілі бір тауарды не белгілі бір жұмысты, көрсетілетін қызметті мемлекеттік сатып алу бойынша тұрақты негізде бір қаржы жылына конкурстық комиссия құрамын бекітуге, конкурстық комиссияның хатшысын айқындауға, сондай-ақ қажет болған кезде сараптау комиссиясын құруға не сарапшыны айқындауға құқылы;

2) конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей кемінде екі әлеуетті өнім берушіге мемлекеттік сатып алу жүзеге

асырылатыны туралы хабарлама жіберіледі. Конкурстық құжаттама сатып алуды үйымдастырушының уәкілетті лауазымды адамы қол қойған жазбаша сұрау салу түрінде ресімделеді, оған маңызды талаптар және конкурстық өтінімді ұсыну нысаны көрсетілген шарттың жобасы қоса беріледі. Сұрау салу мынадай:

мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;

сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігі;

тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны;

тауарларды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін берудің басталатын және аяқталатын мерзімі туралы мәліметтерді қамтиды.

Әлеуетті өнім берушілерден біліктілік талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттар сұратылмайды.

Әлеуетті өнім берушінің үлгілік конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес берілетін конкурсқа қатысуға өтінімі әлеуетті өнім беруші ретінде конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысу ниетін білдіру және тауар(лар)ды жеткізуі, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады;

3) сатып алуды үйымдастырушының сұрау салуында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін ұсынылған конкурстық өтінімдер олардың ұсынылуына қарай хронологиялық тәртіппен конкурстық өтінімдері бар конверттерді тіркеу журналына енгізуге жатады.

Әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы көрсетілмей ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімі бар конверт тіркелмейді және ашылмайды;

4) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері бар конверттерді конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді ұсыну аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей ашады және жазбаша сұрау салу талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау үшін әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қарауды жүзеге асырады және конкурстық өтінімі жазбаша сұрау салу талаптарына сәйкес келетін және ең аз конкурстық баға ұсынған әлеуетті өнім берушіні конкурс жеңімпазы деп айқындайды.

Егер ең тәмен конкурстық баға ұсынысын бірнеше әлеуетті өнім беруші ұсынған жағдайда, конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын тіркелген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып танылады.

Конкурстық комиссия, қажет болған жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстырып тексеруді жеңілдету үшін әлеуетті өнім берушілердің өтінімдеріне байланысты түсіндірмелерді жазбаша нысанда, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында қажетті ақпаратты тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан жазбаша нысанда сұратады.

Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұрау салулары мен өзге де іс-қимылдарына жол берілмейді. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру деп конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған іс-қимылдары түсініледі;

5) әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімі, егер:

ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асатын болса;

әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасының талаптарымен келіспесе не өзгертуді және (немесе) маңызды талаптармен толықтыруды ұсынса;

әлеуетті өнім беруші біреуден артық конкурстық баға ұсынысын ұсынса;

әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді, техникалық ерекшелікті, конкурстық баға ұсынысын қол және мөр (бар болса) қоймай ұсынса;

әлеуетті өнім беруші техникалық ерекшелік ұсынбаса не техникалық, сапалық және функционалдық сипаттамалары неғұрлым үздік техникалық ерекшелікті ұсынған жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелік ұсынса, қабылданбай қайтарылуға жатады;

конкурстық өтінімдерді өзге негізdemeler бойынша қабылдамай қайтаруға жол берілмейді;

6) конкурстың қорытындылары туралы шешім мынадай:

тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушының толық атауы, олардың пошта мекенжайы;

өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушының атауы;

конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін конкурстық өтінімдерін ұсынған әлеуетті өнім берушілердің толық атауы, олардың тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мәлімдеген бағалары;

кері қайтару себептерінің негізdemesін бере отырып, қабылданбаған конкурстық өтінімдер туралы;

конкурс жеңімпазы туралы мәліметтерді көрсете отырып, жазбаша түрде ресімделеді;

7) конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, сатып алуды ұйымдастырушы хабарлама жіберу арқылы конкурстық өтінімдерін ұсынған барлық әлеуетті өнім берушілерді конкурстың қорытындылары туралы хабардар етеді.

*Ескерту. 99-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

100. Осы тарауда реттелмеген жағдайларда тапсырыс берушілер, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар мен конкурстық комиссияның мүшелері Заңды және осы Қағидаларды басшылыққа алады.

101-1. Әлеуетті өнім берушінің ағымдағы жөндеу жөніндегі жұмыстарға, құрылышпен байланысты емес жұмыстарға арналған конкурсқа қатысуға өтінімінің бағасы конкурсқа бөлінген бағадан қырық пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

*Ескерту. Қағида 101-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

102-1. Әлеуетті өнім берушінің объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптау жөніндегі жұмысқа арналған конкурсқа қатысуға өтінімінің бағасы уәкілетті орган бекіткен Объектілер құрылышының жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі аумақтардың қала құрылышын жоспарлау жобаларына кешенді қала құрылышы сараптамасын жүргізу жөніндегі жұмыстардың құнын айқындау қағидаларына сәйкес белгіленген бағадан төмен болмауға тиіс.

*Ескерту. Қағида 101-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

### **13-параграф. Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі**

*Ескерту. 13-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

101. Егер әлеуетті өнім берушінің жұмыстарға арналған конкурсқа қатысуға өтінімінің бағасы техникалық-экономикалық негізdemede (жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үшін) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

*Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

102. Егер әлеуетті өнім берушінің техникалық-экономикалық негізdemenі, жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) және қала құрылышы жобалары құжаттамаларын әзірлеу бойынша жұмыстарға арналған конкурсқа қатысуға өтінімінің бағасы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы уәкілетті орган

бекіткен Қазақстан Республикасында құрылышқа арналған жобалау жұмыстарының құнын айқындау жөніндегі мемлекеттік нормативтерге сәйкес тапсырыс беруші есептеген бағадан он бес пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылады.

*Ескерту. 102-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

103. Егер әлеуетті өнім берушінің сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласында инжинириングтік қызметтер (техникалық қадағалау) көрсетуге арналған конкурсқа өтінімінің бағасы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Құрылыштағы инжинириングтік қызметтерге арналған шығындарды айқындау жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкес есептелген бағадан он бес пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік деп танылады.

*Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

104. Осы Қағидалардың 103-тармағында көзделген көрсетілетін қызметті қоспағанда, егер әлеуетті өнім берушінің көрсетілетін қызметтерге арналған конкурсқа қатысуға өтінімінің бағасы конкурсқа (лотқа) бөлінген бағадан елу пайыздан астам төмен болған жағдайда, демпингтік деп танылады.

*Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

104-1. Конкурстық өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшеріне дейін мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған жағдайларға қолданылмайды.

*Ескерту. Қағида 104-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

#### **14-параграф. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп танудың негіздемелері**

*Ескерту. 14-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

105. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды мынадай жағдайларда:

- 1) берілген өтінімдер болмағанда;
- 2) екіден кем өтінім берілгенде;
- 3) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті өнім беруші жіберілмесе;
- 4) конкурсқа қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе өтпеді деп танылады.

106. Егер конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші күнтізбелік он бес күн ішінде мынадай:

- 1) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды қайтадан өткізу туралы;

2) конкурстың құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы қайтадан өткізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Конкурс тәсілімен қайтадан мемлекеттік сатып алу өткізілмеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алушы мынадай жағдайларда жүзеге асыруға құқылы:

1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдердің болмауы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақырту жіберілетін әлеуетті өнім берушіні тапсырыс беруші айқындаиды;

2) конкурсқа қатысуға екіден аз өтінімнің ұсынылуы. Бұл ретте бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақырту конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім берушіге жіберіледі. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттың бағасы әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімде көрсетілген конкурстың баға ұсынысынан аспауға тиіс.

*Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

**15-параграф. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру ерекшеліктері**

*Ескерту. 15-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

*Ескерту. Қағида 15-параграфпен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

106-1. Заның 39-бабы 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының (бұдан әрі – Қарулы Күштер) жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру тәртібін өнім берушіні таңдау өлшемшарттарын қолдана отырып, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер қолданады.

106-2. Қарулы Күштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу Занда көзделген мемлекеттік сатып алушы өткізу рәсімдері мен мерзімдерін регламенттейтін нормаларды қоспағанда, Заңға және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

106-3. Қарулы Күштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастыруши конкурстың құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған өтінімдерді бағалау үшін өлшемшарттарды көздейді.

Балдарды есептеу осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес өнім берушіні таңдау өлшемшарттары бойынша жүзеге асырылады.

106-4. Ұйымдастыруыш осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуettі өнім берушілер конкурсқа қатысуға өтінім беретін соңғы күнге дейін кемінде құнтізбелік жиырма күн қалғанда әлеуettі өнім берушілер тізіміне енгізілген әлеуettі өнім берушілерге мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылатыны туралы хабарлама жібереді.

106-5. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуettі өнім берушілерді айқындау мақсатында қарайды.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы және отырысқа қатысқан барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға бар болған жағдайда сараптамалық қорытынды не сарапшының (сараптама комиссиясы мүшесінің) ерекше пікірі қоса берілуі мүмкін.

Әлеуettі өнім берушілер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы ресімделмейді. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуettі өнім берушілерді анықтаған жағдайда мұндай әлеуettі өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап кемінде 7 (жеті) жұмыс күні болуға тиіс алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Ұйымдастыруыш алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуettі өнім берушілерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру қажеттігі туралы хабардар етеді.

Әлеуettі өнім берушілер алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойғаннан бастап кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышға сәйкес келтірілген конкурстық өтінімдерді беттері нөмірленген, тігілген түрде ұсынады. Конкурстық өтінімнің соңғы беті қолмен және мөрмен (егер ол болса) куәландырылады.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруыш конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған тиісті түрде ресімделген конверттерді қабылдайды және мәліметтерді конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді.

Мынадай:

- 1) Заңның 6-бабының талаптарын бұзған;
- 2) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша анық ақпарат ұсынбаған;
- 3) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны осы Қағидаларда белгіленген мөлшерде енгізбеген әлеуettі өнім берушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілмейді.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарau нәтижелері бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде:

- 1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуettі өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;
- 2) өлшемшарттар бойынша есептеу нәтижесінде конкурсқа қатысушылардың жинаған балдарының санын, оның ішінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған кезде бағалайды және салыстырады;
- 3) ең көп балл жинаған конкурс жеңімпазын айқындайды;
- 4) екінші орын алған әлеуettі өнім берушіні ең көп балл санынан кейінгі балдар негізінде айқындайды.

**Ескерту. 106-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

106-6. Конкурстық комиссия Қарулы Күштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысуға өтінімдерді конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде қарайды.

- Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарau нәтижелері бойынша:
- 1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуettі өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;
  - 2) өлшемшарттар бойынша есептеу нәтижесінде конкурсқа қатысушылардың жинаған балдарының санын, оның ішінде конкурсқа қатысуға бір өтінім ұсынылған кезде бағалайды және салыстырады;
  - 3) ең көп балл жинаған конкурс жеңімпазын айқындайды;
  - 4) екінші орын алған әлеуettі өнім берушіні ең көп балл санынан кейінгі балдар негізінде айқындайды.

**Ескерту. 106-6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

106-7. Конкурстық комиссияның хатшысы:

- 1) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысушылардың балдар санын бағалау және салыстыру жөніндегі отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен

кешіктірмей осы Қағидаларға 12-1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған отырысқа қатысып отырған конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің, сондай-ақ конкурстық комиссия хатшысының қол қоюын және әрбір парағын дәйектеуін қамтамасыз етеді;

2) өзі туралы мәліметтер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген, конкурсқа қатысуға өтінім берген кез келген әлеуетті өнім берушінің талап етуі бойынша осындай жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өткізілген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін өтеусіз негізде осындай әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдеріне жібереді не ұсынады;

3) конкурс тәсілімен өткізілген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге көрсетілген хаттаманың көшірмесін ұсынуды қамтамасыз етеді.

106-8. Балдар саны тең болған жағдайда өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерінен бұрын тіркелген конкурсқа қатысушы женімпаз болып танылады.

106-9. Қарулы Құштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде:

1) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру рәсімдері жүзеге асырылмайды;

2) Заңның 26-бабының талаптары қолданылмайды.

106-10. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін және неғұрлым көп балл санын жинаған әлеуетті өнім беруші Қарулы Құштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу конкурсының женімпазы болып танылады.

106-11. Қағидалардың осы кіші бөлімінде өзгеше көзделмесе, Қарулы Құштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібі Заңға және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

**5-тaraу. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу**

**Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

107. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс беруші Заңның 39-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында және 3-тармағында белгіленген жағдайларда қабылдайды.

*Ескерту. 107-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

108. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:

1) тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алудың осы тәсілін қолдануды негіздей отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы шешім қабылдауы;

2) тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышыны айқындауы;

3) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарын, орны мен мерзімдерін, ақы төлеу шарттары мен мерзімдерін әзірлеуі;

4) тапсырыс берушінің сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарын, орны мен мерзімдерін, оларға ақы төлеу шарттары мен мерзімдерін бекітуі;

5) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының әлеуетті өнім берушіге Заңның 40 -бабының 1-тармағында көзделген мәліметтерді көрсете отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысуға жазбаша шақыру жіберуі;

6) әлеуетті өнім беруші ұсынған, бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Қағидалардың 105-тармағының 2) тармақшасының негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін, оның бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға ұсынатын бағасының негіздемесін растайтын құжаттарды тапсырыс берушінің және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының қарауы;

7) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеуі;

8) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қорытындылары туралы хаттаманы тапсырыс берушіге ұсынуы.

Заңның 39-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін әзірлеуі және тапсырыс берушінің бекітуі талап етілмейді. Мұндай жағдайда сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін

қызметтердің техникалық ерекшелігі, сондай-ақ өтпеді деп танылған конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушың конкурстық құжаттамасында көзделген тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің шарттары, орны мен мерзімі және оларға ақы төлеу шарттары қолданылады.

*Ескерту. 108-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.*

109. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелігін әзірлеу үшін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши қажет болған жағдайда сарапшыны не сараптау комиссиясын тартады. Сарапшыны не сараптау комиссиясын тарту осы Қағидалардың 24 және 25-тармақтарында белгіленген шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

*Ескерту. 109-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

110. Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асуру туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруши әлеуетті өнім берушіге жазбаша нысанда Заңның 40-бабының 1-тармағына сәйкес ақпаратты қамтитын мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру жібереді.

111. Осы Қағидалардың 105-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда, сұрау салу жіберілетін әлеуетті өнім берушіні тапсырыс беруші айқындайды.

Осы Қағидалардың 105-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда, конкурстық өтінім берген әлеуетті өнім берушіге сұрау салу жіберіледі.

*Ескерту. 111-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

112. Алып тасталды – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

113. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушы өтпеді деп тану негізінде бір көзден алу шарты туралы әлеуетті өнім берушіге жіберілетін ақпарат өтпеді деп танылған конкурстық құжаттамасына сәйкес болуға тиіс.

Бұл ретте, әлеуетті өнім берушіге жіберілетін ақпаратта бір көзден сатып алу шарттарында тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау мерзімдері қамтылуға тиіс. Осы мерзімдер конкурстық құжаттамада және мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында белгіленген мерзімдерден артық болуы мүмкін, бірақ құнтізбелік он бес күннен аспайды.

114. Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы ұсынысты қабылдаған жағдайда әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысуға шақыру алған күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушиға біліктілік талаптарына сәйкестігін, тауарларды, жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу процесіне байланысты шектеулердің жоқтығын растайтын құжаттарды, ұсынылып отырған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өзінің жазбаша келісімін, сондай-ақ жеткізілетін тауарлар, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін әлеуетті өнім беруші ұсынатын бағаны оның негізdemесімен қоса береді.

Баға негізdemесінде әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кеден бажын, салықтарды (ҚҚС-сыз), төлемдер мен алымдарды, жиынтықтаушы бөлшектер мен міндettі қосалқы бөлшектер құнын, пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде бір өлшем бірлігіне қызмет көрсетуге арналған барлық шығыстарды, басқа да шығыстарды қоса алғанда, жеткізу ұсынылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының есебі қамтылуға тиіс.

Егер функционалдық және басқа да сипаттамалары неғұрлым үздік тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және (немесе) жұмыстарды үздік материалдардан орындау ұсынылса, әлеуетті өнім берушінің техникалық ерекшелігінің мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы ұсынған техникалық ерекшелікке сәйкес болмауына жол беріледі.

*Ескерту. 114-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданыска енгізіледі) қаулысымен.*

115. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы тапсырыс берушіге қол қою үшін берілетін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, онда мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

- 1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алушы қолдану негізdemесі;
- 2) бір көзден алу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;
- 3) әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы;
- 4) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалатын өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы.

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға ұйымдастыруышының бірінші басшысы айқындаған, бірінші басшының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам қол қояды.

116. Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру үшін сараптау комиссиясы не сарапшы бекітілген жағдайда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сараптамалық қорытынды қоса беріледі.

117. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу:

1) егер әлеуettі өнім беруші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетіletіn қызметтердің бағасы осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып түсken;

2) әлеуettі өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

3) әлеуettі өнім беруші қатысадан бас тартқан;

4) әлеуettі өнім беруші техникалық, сапалық және функционалдық сипаттамалары неғұрлым үздік техникалық ерекшелікті ұсынған жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынған жағдайларда өтпеді деп танылады.

## **6-тaraу. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт**

**Ескерту. 6-taraудың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**1-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетіletіn қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу**

**Ескерту. 1-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

118. Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындысы шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес үлгі шарт бойынша жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасының екі данасын өнім берушіге жібереді, оған тапсырыс беруші қол қоюға және тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі әр параграфын дәйектеуге тиіс.

Өнім берушінің таңдау рәсімдері, оның ішінде мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары шенберінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындыларына шағым жасау рәсімдері тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілгенге дейін аяқталған жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы жеңімпазға тиісті бюджет (даму жоспары) бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберіледі.

**Ескерту. 118-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

119. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуettі өнім беруші күнтізбелік отыз күн ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қоймаса не мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, жеңімпаз мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын екінші орын алған әлеуettі өнім

берушіге жібереді, оған екінші орын алған әлеуетті өнім беруші өзіне мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасы ұсынылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қоюға тиіс.

*Ескерту. 119-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

120. Егер тапсырыс берушінің қолы қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартқа екінші орын алған әлеуетті өнім беруші белгіленген мерзімде қол қоймаса, тапсырыс беруші қайтадан мемлекеттік сатып алушы жүзеге асырады.

121. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету осы Қағидалардың 99-тармағында көзделген тәртіппен өткізілген конкурстың қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда енгізілмейді.

122. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

123. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін ұйымдастыруши мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде белгілейді.

Егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс төлеу көзделген жағдайда, әлеуетті өнім беруші шартты орындауды қамтамасыз етумен бірге авансқа тең мөлшерде авансты қамтамасыз етуді енгізеді. Бұл ретте, әлеуетті өнім беруші авансты төлеуден бас тартуға құқығы бар.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына қарай тапсырыс беруші өнім берушінің жазбаша хабарламасы бойынша авансты орындауды қамтамасыз ету мөлшерін мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген орындалған міндеттемелерге барабар азайтады.

Заңның 39-бабы 3-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда, тапсырыс беруші авансты қамтамасыз етуді енгізу туралы талап белгілеуге құқылы.

*Ескерту. 123-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

124. Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны;

2) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес банк кепілдігін;

3) Заңың 43-бабы 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын таңдайды.

*Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

125. Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін өнім берушінің үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдік ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасаудына жол берілмейді.

126. Тапсырыс берушінің өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны Занда көзделмеген мақсатқа пайдаланудына жол берілмейді.

127. Тапсырыс беруші енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта көрсетілген мерзімде немесе өнім беруші шарттық міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өнім берушіге қайтарады.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлға немесе олармен үлестес тұлғалар кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

128. Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырыс беруші шарттық міндеттемелерді өнім берушінің орындаудына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарт бұзылған жағдайда өнім берушіге қайтармайды.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлға немесе олармен үлестес занды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

*Ескерту. 128-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

129. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одактың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу шарттарын қамтуға тиіс.

130. Мемлекеттік сатып алу жеңімпазымен жасалған жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартта жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлермен не мемлекеттік сатып алу жеңімпазы конкурсқа қатысуға өтінімінде көрсеткен қызметтерді көрсету бойынша бірлесіп орындаушылармен жасалған шарттардың көшірмелерін тапсырыс берушіге ұсыну туралы талап қамтылды.

*Ескеरту. 130-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

131. Тапсырыс берушілер дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекетке тиесілі және өкілеттіктері Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында белгіленген акционерлік қоғамдармен және шаруашылық серіктестіктермен олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге шарт жасасқан жағдайда, мұндай акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктер сатып алуды осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырады.

**2-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау**

*Ескерту. 2-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

132. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындау кезінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы, саны, сапасы, техникалық ерекшелігі, құны, оларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) орны мен мерзімдері мемлекеттік сатып алу туралы шарттың мазмұнына сәйкес болуға тиіс.

133. Тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық орындаған жағдайда шарт орындалған болып есептеледі.

Ерекше тәртіпті қолдана отырып,  
мемлекеттік сатып алуды  
жүзеге асыру қағидаларына  
1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

**Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың \_\_\_\_\_ жылға арналған жылдық жоспары/Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың \_\_\_\_\_ жылға арналған алдын ала жылдық жоспары (көрсетілген мәндердің біреуін тандау керек)**

#### **Жалпы мәліметтер**

Тапсырыс берушінің БСН	Мемлекеттік мекемелер үшін		Тапсырыс берушінің атауы (мемлекеттік тілде)	Тапсырыс берушінің атауы (орыс тілінде)	Қаржы жылы
	ММ коды	кор			
1	2	3	4	5	6

Бекітемін:

(тапсырыс берушінің толық атауын және оның лауазымды адамының Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсету керек)

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспары

Р/с №	Жоспар тармағының типі	Ұйымдастырушының БСН	Мемлекеттік мекемелер үшін				
			Бюджеттік бағдарлама на ың әкімшісі	Бағдарлама	К іші бағдарлама	Ерекшелік	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Сатып алу нысанасының түрі	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік тілде атаяу	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің орыс тіліндегі атаяу	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік тілде қысқаша сипаттамасы (сипаты)	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің орыс тіліндегі қысқаша сипаттамасы (сипаты)
9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

Қосымша сипаттама (мемлекеттік тілде)*	Қосымша сипаттама (орыс тілінде)*	Сатып алу тәсілі	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Бір бірлігі үшін бағасы*, *, теңге	Сатып алу үшін бекітілген жалпы сомасы **, теңге
14	15	16	17	18	19	20

кестенің жалғасы

Уш жылдық кезеңнің бірінші жылына арналған болжамды сома **, теңге	Уш жылдық кезеңнің екінші жылына арналған болжамды сома **, теңге	Уш жылдық кезеңнің ушінші жылына арналған болжамды сома **, теңге	Мемлекеттік сатып ауды жүзеге асырудың жоспарланған мерзімі (ай)	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (ӘАБК сәйкес елді мекеннің коды)	Аванстық төлемнің мөлшері, %
21	22	23	24	25	26	27

\* толтыру міндетті емес

\*\* 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер соманы ҚҚС есепке алмай көрсетеді. Бұл талап 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік сатып алуға тапсырыс берушілер болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар мен дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу

үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар немесе олармен үлестес занды тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

Ерекше тәртіпті  
қолдана отырып, мемлекеттік  
сатып алушы жүзеге  
асыру қағидаларына  
1-1-косымша

### Әлеуettі өнім берушілердің тізіміне енгізу туралы өтінішхат

Ескерту. Қағида 1-1-косымшамен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

мемлекеттік сатып алу конкурсы

(толық атауын көрсету керек)

Әлеуettі өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/\_\_\_\_\_

(бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)

Мекенжайы, байланыс деректері \_\_\_\_\_

Конкурсқа шақырылатын әлеуettі өнім берушілердің тізіміне енгізу үшін өтініш білдіреміз, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1200 қаулысымен бекітілген Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларының 29-1-тармағында белгіленген біліктілік талаптары мен шектеулеріне сәйкес екенімізді раставтың мәліметтерді алуға келісім береміз.

Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларына

1-2-косымша

### Әлеуettі өнім берушілердің өтінішхатын қабылдамау туралы хабарлама

Ескерту. Қағида 1-2-косымшамен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 25.08.2020 № 535 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

мемлекеттік сатып алушың тапсырыс берушісі немесе

(толық атауын көрсету)

ұйымдастырушысы

P/c №	Өнім берушінің атауы	БСН/ЖСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі)	Қабылдамау себептері	Қабылдамау себептерінің негізdemесі

Ерекше тәртіпті қолдана отырып,  
мемлекеттік сатып алуды  
жүзеге асыру қағидаларына  
2-қосымша

Бекітемін:

---

(тапсырыс берушінің толық атауын  
және осы конкурстық құжаттаманы  
бекіткен оның лауазымды  
адамының Т.А.Ә. (бар болса)  
көрсету керек)

20 жылғы "\_\_\_"  
№ \_\_\_\_\_ шешім

**Мемлекеттік сатып алу бойынша үлгілік конкурстық құжаттама**

Ескерту. 2-қосымшага өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

---

(конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың атауын  
көрсету керек)

Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_  
(тапсырыс берушінің толық атауын, орналасқан жерін,  
БСН, банктік деректемелерін көрсету керек)

Тапсырыс берушінің өкілі \_\_\_\_\_  
(тапсырыс берушінің өкілі – лауазымды адамының Т.А.Ә. (бар  
болса), байланыс телефондарын және болса, электрондық поштасының  
мекенжайын көрсету керек)

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы

---

(толық атауын, орналасқан жерін, БСН, банктік деректемелерін көрсету керек)  
Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілі

---

(лауазымын, байланыс телефондарын және болса электрондық поштасының  
мекенжайын қоса алғанда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының  
өкілі лауазымды адамының Т.А.Ә. (бар болса) көрсету керек)

Конкурстық құжаттаманың құны \_\_\_\_\_  
(конкурстық құжаттаманың құнын теңгемен көрсету керек не егер конкурстық құжаттаманы ұсынғаны үшін төлем алу көзделмесе, онда бұл тармақты мынадай редакцияда жазу керек: "Конкурстық құжаттама тегін беріледі").

## **1. Жалпы ережелер**

1. Конкурс (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын көрсету керек) өнім берушіні (өнім берушілерді) таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома \_\_\_\_\_ тенгені құрайды.

3. Осы конкурстық құжаттама мыналарды қамтиды:

1) лот нөмірін, өлшем бірлігін, санын, жеткізу шарттарын, жеткізу мерзімі мен орнын, төлем шарттары мен сатып алу үшін бөлінген соманы көрсете отырып, үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

2) осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, техникалық ерекшелік. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алушы нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелік жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылуы тиіс.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Бұл ретте мұндай мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс;

3) осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға өтінімдер;

4) осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер;

5) объектілерді салуға не қайта жаңартуға байланысты жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада жұмыстарды орындау кезеңдерін, түрлерін және көлемін, сондай-ақ егер жобалау алдындағы құжаттамаға сәйкес оларды орындау мерзімі бір қаржы жылынан асатын болса, әрбір қаржы жылындағы осындай жұмыстарды мемлекеттік сатып алудың сомасын көрсетеді.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен қоса тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тәменде санамаланған нысандардың бірінде енгізеді:

1) мынадай \_\_\_\_\_ (тапсырыс берушінің не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының банк шотының толық деректемелерін көрсету керек) банк шотына орналастыратын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасын;

2) осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес банк кепілдігі.

5. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімнің өзінің мерзімінен кем болмауға тиіс.

## **2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілерге оның ережелерін түсіндіруі**

6. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ мин. кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жазбаша сұрау салумен жүргінуге құқылы. Әлеуетті өнім берушілердің сұрау салулары мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының мынадай деректемелері бойынша жіберіледі: (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының пошта мекенжайы, сұрау салуларды қабылдау жүргізілетін бөлімшені және бөлме нөмірін көрсету керек).

7. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салу кімнен тіркелгенін көрсетпестен, мәліметтері конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіруді жібереді.

8. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған жағдайда, бірақ 20 \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ сағ. \_\_\_\_\_ мин. мерзімнен кешіктірмей өз бастамасымен немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген әлеуетті өнім берушінің сұрау салуына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге тиіс. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу конкурстық құжаттаманы бекітудегі сияқты тәртіппен ресімделеді.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы оларды конкурстық құжаттамаға өзгерістер бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз негізде конкурстық құжаттаманың көшірмесі берілген барлық әлеуетті өнім берушілерге жібереді. Бұл ретте конкурсқа

қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімін мемлекеттік сатып алушты үйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерде осы өзгерістерді әлеуетті өнім берушілердің есепке алуы үшін кемінде күнтізбелік он күн мерзімге ұзартады.

9. Мемлекеттік сатып алушты үйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмелері берілген әлеуетті өнім берушілермен не олардың уәкілетті өкілдерімен конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін \_\_\_\_\_ (кездесу өтетін орынды, күні мен уақытын көрсету керек) кездесу өткізеді.

10. Мемлекеттік сатып алушты үйымдастырушы әлеуетті өнім берушілермен кездесудің хаттамасын жасайды, онда әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы ұсынылған сұрау салулары көзін көрсетпей, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптар көрсетіледі. Хаттама әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей конкурстық комиссияға және конкурстық құжаттама алған әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналында көрсетілген пошта деректемелері бойынша мемлекеттік сатып алушты үйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген әлеуетті өнім берушілердің бәріне жіберіледі.

**3. Конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар және конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді әлеуетті өнім берушілердің ұсынуы**

#### **1. Конкурсқа қатысуға өтінім**

11. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің осы конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметтерді көрсетуге) келісім білдіру нысаны болып табылады.

Конкурсқа қатысу өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге сәйкес келуі қажет.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алушты үйымдастырушыға беретін конкурсқа қатысуға өтінім мыналарды қамтуға тиіс:

1) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес толтырған және әлеуетті өнім беруші қол қойған өтінім;

2) әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптарына сәйкестігін раставу үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі:

құқық қабілеттілікті (занды тұлғалар үшін) ратайтын нотариат куәландырған құжаттар, жеке қуәліктің көшірмесі (жеке тұлға үшін) (бұл ретте дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар болуы жөніндегі ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған кезде [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтындағы "Электрондық сервис/салық төлеушілерді іздеу" қосымша парағынан алады);

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттар (хабарламалар) (мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде болмағанда, әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады);

сатып алынатын тауарларды өндіру, өндеу, жеткізу және өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді қөрсету құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттарының, басқа құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

[www.egov.kz](http://www.egov.kz). "электрондық үкімет" веб-порталынан алынған заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

әлеуетті өнім беруші төлем қабілеттілігі туралы біліктілік талабына сәйкестігін шарттың орындалуын қамтамасыз етуді кепілді ақшалай жарна немесе Қазақстан Республикасының бір не бірнеше резидент банктерінің банк кепілдігі немесе өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты түрінде беру арқылы растайды;

әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімге береді;

осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алу процесіне қатысуға арналған біліктілігі туралы мәліметтер;

егер әлеуетті өнім беруші жұмыстардың не қөрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларды) тартуды көздесе, онда әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынады;

осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 12-қосымшаға сәйкес конкурста сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер қөрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері.

Ескертпе: жұмыстарды орындау не қызметтерді қөрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Осы талап Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес операторлар болып белгіленген заңды тұлғалармен Заңның 39-бабы 3-тармағының 36) тармақшасында

көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасалған жағдайларда қолданылмайды.

Бұл ретте қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) өткізілетін мемлекеттік сатып алушың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға ) беруіне тыйым салынады;

3) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, техникалық ерекшелік. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде, осы үлгілік конкурстық құжаттамаға 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік сатып алушы нормалау, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтердің мерзімдері мен көлемдері, тауарға қызмет көрсетуге, тауарды пайдалануға арналған шығыстарға берілетін сапа кепілдіктерін, тауарды жеткізу, жұмысты орындау, көрсетілетін қызметтерді көрсету ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Ескертпе: жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманың шарттарымен келісетіні туралы хат ұсынады;

4) банк кепілдігі не мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушының банк шотына орналастырылатын кепілдік берілген ақшалай жарнаны растайтын төлем құжаты түрінде Занда белгіленген мөлшерде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету;

5) әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қою құқығы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) конкурсқа қатысуға өтінімге қол қою және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысу құқығына берілетін сенімхат;

6) жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім беруші белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама шарттарымен келісетіні туралы хат ұсынады.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 953 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

## **2. Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар**

13. Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алушы ұйымдастырушыға тігілген түрде, беттерін нөмірлеп береді және соңғы бетін өзінің қолын қойып, мөрмен (жеке тұлға үшін, егер ол бар болса) куәландырады.

Конкурсқа қатысуға өтінімнің техникалық бөлігі (тігілген түрде, беттері нөмірленіп, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін, егер ол

бар болса) куәландырылған түрде) және конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы жеке беріледі.

14. Конкурсқа қатысуға өтінім басып шығарылуға немесе өшірілмейтін сиямен жазылуға және оған әлеуетті өнім беруші қол қоюға және мөрімен бекітүге (жеке тұлға үшін, егер ол бар болса) тиіс.

15. Әлеуетті өнім берушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімде жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосымша жазулар болмауға тиіс.

16. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді конвертке салып желімдейді, оның беткі жағында әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошта мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, конкурсқа қатысуға өтінімді ашпай қайтару мақсатында), мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушының толық атауы мен пошта мекенжайы, конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуғе тиіс: "(конкурстың атауын көрсету керек) сатып алу жөніндегі конкурс" және "(конкурсқа қатысуға өтінім ашылатын күн мен уақытты көрсету керек) дейін ашпаңыз".

### **3. Конкурсқа қатысуға өтінімді беру тәртібі**

17. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушыға қолма-қол немесе (мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушының толық пошта мекенжайы, бөлме нөмірі, конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау мен тіркеуге жауапты адамның (адамдардың) Т.А.Ә. (бар болса) көрсету керек) мекенжайы бойынша тапсырысты пошта байланысын пайдалана отырып, (конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күні мен уақытын көрсету керек) қоса алғандағы мерзімге дейін береді.

18. Мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін алған конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылмайды және конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша оларды ұсынған әлеуетті өнім берушіге не алғаны туралы қолхатпен әлеуетті өнім берушілердің тиісті уәкілетті өкілдеріне жеке өздеріне қайтарылады.

19. Әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушының жауапты адамы, ал тапсырыс беруші және мемлекеттік сатып алуды үйымдастырушы бір тараптан әрекет еткен жағдайларда – конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, тиісті журналға тіркейді.

20. Осы конкурстық құжаттамада көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер қабылдауға және тіркелуге жатпайды.

### **4. Конкурстық өтінімдерді өзгерту және оларды қайтарып алу**

21. Элеуетті өнім беруші өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтаруға құқықтарын жоғалтпай, конкурстық өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін конкурсқа қатысуға өзінің өтінімін өзгертуіне немесе қайтарып алуына болады. Өзгерістер енгізу конкурсқа қатысуға өтінімнің өзі сияқты дайындалуға, желімделуге және ұсынылуға тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атына еркін нысандағы өтініш түрінде ресімделеді, оған әлеуетті өнім берушінің қолы қойылады және мөрмен бекітіледі (жеке тұлға үшін егер осындай болса).

Конкурсқа қатысуға өтінімге өзгеріс енгізу не конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу, егер оларды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

22. Конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты оларды қайтарып алуға жол берілмейді.

23. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши конкурстық құжаттамада белгіленген конкурсқа қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімі өткенге дейін құнтізбелік он құннен кешіктірмей, қажет болған жағдайда, нақты уақыт кезеңіне өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту туралы әлеуетті өнім берушілерге сұрау салу жібереді. Элеуетті өнім беруші мыналарға:

1) өзінің конкурсқа қатысуға өтінімінің мерзімі ішінде конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға;

2) мұндай өтінімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпастан, мұндай сұрау салуды қабылдамауға құқылы.

24. Өзінің конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуымен байланысты барлық шығыстарды әлеуетті өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши, конкурстық комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нәтижелеріне қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді

## **5. Конкурстық тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді конкурстық комиссияның ашуы**

25. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуды конкурстық комиссия келген барлық әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жүргізеді (конкурс өткізілетіні туралы хабарландыруда (хабарламада) конкурстық өтінімдер ашылатын және көрсетілген конкурстық комиссияның отырысы өткізілетін күнін, уақытын және орнын көрсету керек).

Конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі мен конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу арасындағы кезең екі сағаттан аспауға тиіс.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының хабарландыруында (хабарламасында) және осы конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде және тәртіппен ұсынылған әлеуettі өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттер ашылуға жатады.

Егер конкурсқа (лотқа) конкурсқа қатысуға бір ғана өтінім берілсе, онда конкурсқа қатысуға арналған бұл өтінім де ашылады және қаралады.

26. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне қатысып отырған әлеуettі өнім берушілердің уәкілетті өкілдері өздерінің қатысуын растай отырып, олардың өкілдегі растайтын құжаттарды көрсетуге және әлеуettі өнім берушілерді тіркеу журналына тіркелуге тиіс (тіркелетін орнын, күні және уақытын көрсету керек, бұл уақыт конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашатын уақыттан бұрын болуға тиіс, ал тіркеу орны конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі өткізілетін орынмен бірдей болуға тиіс).

*Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

27. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі отырысына қатысып отырған әлеуettі өнім берушілердің және оның уәкілетті өкілдерінің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілінің, конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының қызметіне араласуына жол берілмейді.

28. Конкурстық комиссияның көрсетілген отырысында:

1) осы конкурстық құжаттамада ол туралы мәліметтер көрсетілген мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті өкілі, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы және тапсырыс беруші бір тараптан әрекет еткен жағдайда – конкурстық комиссияның хатшысы қатысушыларды мыналар туралы хабардар етеді:

конкурстық комиссияның құрамы, конкурстық комиссияның хатшысы;

конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуettі өнім берушілердің саны;

әлеуettі өнім берушілердің сұрау салуының болуы не болмауы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша әлеуettі өнім берушілермен кездесу өткізуі;

конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісінің болуы не болмауы, сондай-ақ себептері;

белгіленген мерзімде тиісті тіркеу журналында тіркелген конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуettі өтінім берушілер;

2) конкурстық комиссияның төрағасы не конкурстық комиссия мүшелерінің қатарынан төраға айқындаған тұлға:

конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесі мен олардың қысқаша мазмұнын жария етеді;

3) конкурстық комиссияның хатшысы:

конверттерді ашудың тиісті хаттамасын ресімдейді;

әлеуettі өнім берушілердің уәкілетті өкілдерін конкурстық комиссия отырысының көрсетілген хаттамасының көшірмесін алуға болатын мерзім туралы хабардар етеді.

Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі отырысының хаттамасына отырысқа қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің бәрі, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды және әр парагын дәйектейді.

Көрсетілген отырыс хаттамасының көшірмесі конкурстық комиссияның отырысы өткізілген күннен кейінгі екі жұмыс күннен кешіктірмей әлеуettі өнім берушілерге немесе конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі отырысына қатысқан олардың уәкілетті өкілдеріне, ал болмағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салу алынған күннен бастап екі жұмыс күннен кешіктірмейтін мерзімде беріледі.

**6. Конкурстық тәсілмен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан конкурстық комиссияның қарауы және әлеуettі өнім берушілерді конкурсқа қатысуға жіберу**

29. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды конкурсқа қатысуға үміткер әлеуettі өнім берушілердің арасынан біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуettі өнім берушілерді анықтау және оларды конкурсқа қатысушы деп тану мақсатында конкурстық комиссия жүзеге асырады.

30. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды женеңлдету үшін конкурсқа қатысуға үміткер әлеуettі өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірүлдерді жазбаша нысанда сұратады;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады.

Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұратулары мен өзге де әрекеттеріне жол берілмейді. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру деп конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі.

Егер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық комиссия оны конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп қарайды.

Әлеуетті өнім берушілердің салық берешегінің, міндettі зейнетақы жарналары, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екендігі туралы талаптардың сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия мемлекеттік кірістер саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсындағы ақпаратты қарайды.

Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық рәсіміне қатысы жоқтығы және (немесе) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндettемелерінің болмауы бөлігінде және борышкерлердің тиісті тізіліміне енгізілмеген біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық рәсімдерінің жүргізуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында және атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

31. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушіні мынадай:

1) әлеуетті өнім берушінің және ол тартқан жұмыстардың не көрсетіletтің қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін раставаға арналған құжатты (құжаттарды) әлеуетті өнім беруші ұсынбаған;

2) әлеуетті өнім беруші өзі тартқан қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) біліктілік талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ сәйкессіздігін растава үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпарат негізінде біліктілік талаптарына сәйкессіздік фактісі анықталған;

3) біліктілік талаптары жөнінде дәйексіз ақпарат ұсынған жағдайларда біліктілік талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Әлеуетті өнім берушіні Заңның 10-бабының 1-тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тануға жол берілмейді.

Отінімді қамтамасыз ету соманың бір пайызынан астам мөлшерде енгізілген жағдайда, конкурстық комиссия енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келеді деп таниды.

32. Конкурстық комиссия мынадай:

1) банктік кепілдік түрінде берілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

2) конкурстық комиссияға:

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

қатысу үшін банктік кепілдік түрінде берілген өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың атауын;

бантік кепілдік түрінде берілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету етудің қолданылу мерзімін және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ оны беру шарттарын;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлғаны айқындауға мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауынан көрініс табатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісті түрде ресімделмеген.

3) конкурсқа бөлінген соманың кемінде бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілген жағдайларда, енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету етуді осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Өзге негіздер бойынша конкурсқа қатысуға өтінімге енгізілген қамтамасыз ету етуді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес емес деп тануға жол берілмейді.

*Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

33. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушы біліктілік талаптарына сәйкес емес деп айқындалса;

2) Заңның 6-бабының талаптарын бұзса не ол тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) Заңның 6-бабы 1-тармағының 7), 8), 9) және 10) тармақшаларының талаптарын бұзса;

3) конкурсқа қатысуға арналған оның өтінімі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес емес деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы болып танылмайды).

Егер әлеуетті өнім беруші осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген негізdemeler бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе, онда:

конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада осындай әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін қабылдамау негізdemесі көрсетіледі;

Заңның 6-бабының талаптарын бұзған әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізілуге жатады.

34. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін, конкурсқа қатысуға жіберілетін (конкурсқа қатысушылар) әлеуетті өнім берушілерді айқынтайтын;

2) конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді;

Әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болған жағдайда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама ресімделмейді;

3) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді және конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің (конкурсқа қатысушылардың) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық баға ұсыныстарын беретін күнін, уақытын, орнын айқындайды.

35. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды, әр параграфын дәйектейді.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға отырыска қатысып отырған мүшелердің бәрі, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті өнім берушілерге көрсетілген хаттаманың көшірмесін береді немесе жібереді. Конкурсқа қатысуға жіберу туралы конкурстық комиссияның шешіміне Заңның 47-бабында айқындалған тәртіппен шағымдануға болады.

## **7. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстарын ресімдеуі**

36. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер (конкурсқа қатысушылар) ұсынатын конкурстық баға ұсыныстары мынадай түрде ресімделеді:

1) конкурстық баға ұсынысының нысаны басып шығарылуға немесе өшірілмейтін сиямен жазылуға және оған әлеуетті өнім беруші қол қоюға және мөрімен бекітуге (жеке тұлға үшін, егер ол бар болса) тиіс;

2) әлеуетті өнім берушінің грамматикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, конкурстық баға ұсынысында жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосымша жазулар болмауға тиіс;

3) отандық әлеуетті өнім берушілердің конкурстық баға ұсыныстары теңгемен көрсетілуге тиіс.

37. Әлеуетті өнім беруші он және одан да көп лотқа қатысқан жағдайда, конкурстық баға ұсынысын үлгілік конкурстық құжаттамаға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынуға жол беріледі.

Әлеуетті өнім беруші конкурстық баға ұсынысын конвертке салып желімдейді, оның беткі жағында әлеуетті өнім берушінің толық атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуге тиіс: "(конкурстың атауын көрсету керек) сатып алу жөніндегі конкурс" және "(конкурстық баға ұсыныстары ашылатын күн мен уақытты көрсету керек) дейін ашпаңыз".

Конкурсқа қатысуышының біреуден артық конкурстық баға ұсынысын беруіне, сол сияқты конкурстық баға ұсынысын кері қайтарып алуына және (немесе) ұсынылған конкурстық баға ұсынысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуіне жол берілмейді.

**8. Конкурсқа қатысуышылардың конкурстық баға ұсыныстарын конкурстық комиссияның бағалауы мен салыстыруы және конкурс женімпазын анықтау**

38. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні, уақытта және орында конкурстық комиссия конкурсқа қатысуышылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру бойынша отырыс өткізеді.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген мерзім өткенге дейін конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді ұсынған конкурсқа қатысуышылар туралы мәліметтерді конкурстық комиссия конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына хронологиялық тәртіппен енгізеді.

Конкурстық комиссияның отырысында конкурстық комиссияның төрағасы не конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан төраға айқындаған тұлға:

конкурсқа қатысуышылардың конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді хронологиялық тіркелу тәртібімен ашады;

конкурстық баға ұсыныстарын ұсынған конкурсқа қатысуышылардың конкурстық баға ұсыныстарын хронологиялық тіркелу тәртібімен жариялады;

конкурстық баға ұсыныстары бар ашылған конверттерді конкурстық комиссияның хатшысына береді.

39. Конкурсқа қатысуышылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдері, қажет болған жағдайда, конкурстық баға ұсыныстары бар конверттердің мазмұнымен танысады.

40. Қажет болған кезде конкурсқа қатысуышылар және (немесе) олардың уәкілетті өкілдері конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі конкурстық комиссия отырысына қатысады.

*Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

41. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру рәсімін женілдету үшін конкурстық комиссия әртүрлі валютада берілген конкурстық баға ұсыныстарының (конкурсқа қатысуышылардың) барлық бағаларын Қазақстан Республикасының валютасына – конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы болатын күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгеге аударады.

42. Конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуышылардың осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алушы конкурс тәсілімен жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып түсетін конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамайды;

2) егер оның бағасы демпингтік болып табылса, конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысын қабылдамайды;

3) ең төмен баға негізінде конкурстың жеңімпазын айқындайды.

*Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

43. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру және конкурс жеңімпазын анықтау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді, оның конкурстық комиссияның отырысына қатысқан мүшелерінің бәрі, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды, әр парағын дәйектейді.

44. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы ол туралы мәліметтер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген әлеуетті өнім берушінің жазбаша сұрау салуын алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей оған конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін өтеусіз негізде ұсынуға міндетті.

## **9. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару**

45. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім берушіге мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға арналған өтінімін конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған (atalған жағдай конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды);

3) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған (atalған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды);

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт қүшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

5) әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен жағдайлардың бірі орын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарып береді.

46. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алған не өзерткен және (немесе) толықтырған;

2) конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті өнім беруші өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде табыс етпеген не кері қайтарып алған;

3) конкурс женімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған;

4) конкурс женімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, конкурстың құжаттамада белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындаған не уақтылы орындаған жағдайларда қайтармайды.

## **10. Конкурс қорытындылары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт**

47. Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Заңның талаптарына сәйкес Жұмыстарды (тауарларды/көрсетілетін қызметтерді) мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт негізінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына тапсырыс беруші қол қояды және өнім берушіге жібереді.

Бұл ретте шарт бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің ең аз мерзімі тауарды жеткізуге, оның ішінде оны дайындауға (өндіруге), жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге кеткен мерзімнен кем болмауға, бірақ күнтізбелік он бес күннен аз болмауға тиіс.

*Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

48. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім берушіге қайтарады.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда, енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі занды тұлға немесе олармен үлестес тұлғалар кірісіне төлеу фактісі белгіленген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

49. Заңның 43-бабының 14, 15 және 16-тармақтарында көзделген жағдайларда шарт оны бір қаржы жылынан артық мерзімге жасасу туралы ережелерді қамтиды.

50. Шарт мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы жағдайларды қамтиды.

51. Отандық тауар өндірушілермен және отандық жұмыстарды орындаушылармен, қызметтерді көрсетушілермен шарт алдын ала ақы төлеу және тауарларды жеткізгені, жұмыстарды орындағаны, қызметтерді көрсеткені үшін толық ақы төлеу шартын қамтуы тиіс. Бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

52. Егер женімпаз деп танылған әлеуettі өнім беруші Занда белгіленген мерзімде қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс берушіге ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, мұндай әлеуettі өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

*Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

53. Мемлекеттік сатып алу жеңімпазы болып айқындалған әлеуettі өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда тапсырыс беруші:

1) ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және мұндай әлеуettі өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді;

2) мұндай әлеуettі өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруы арқылы келтірілген шығындарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

*Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Үлгілік конкурстық құжаттамаға

1-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі**  
\_\_\_\_\_ мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс (толық атауын көрсету керек)

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарлардың (жұмыстың, көрсетіле тін қызметтің) атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Беру шарттары (ИНКОТЕРМС 2000 сәйкес)	Тауарларды беру, жұмыстарады орында, қызметтепәрді көрсету мерзімі	Тауарларды беру, жұмыстарады орында, қызметтепәрді көрсету орны	Аванстық төлем мөлшері, %	Конкурстәсілімен мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген сома (№ лот бойынша), теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		( Тауарлардың (жұмыстарадын, көрсетіле тін қызметтепәрдің) сипаттама							

алары техникал ы қ ерекшелі ктерінде көрсетіле т і н жағдайда бұл бағанда тауардың ( жұмысты ң ң е көрсетіле т і н қызметті ң ) қысқаша атауы және әрбір позиция бойынша техникал ы қ ерекшелі ктің нақты бөліміне сілтеме көрсетіле ді)				

\* Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің толық сипаты мен сипаттамасы техникалық ерекшеліктерде көрсетіледі.

Ұйымдастыруши Мемлекеттік сатып алуға

басшысының лауазымы, тапсырыс беруші

Т.А.Ә. (бар болса) және қолы басшысының лауазымы,

Т.А.Ә. (бар болса) және қолы

/ \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /

Күні \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

М.О. М.О.

Үлгілік конкурстық құжаттамаға

2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

**Сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) техникалық ерекшелігі (әрбір лотқа жеке беріледі)**

Конкурстың № \_\_\_\_\_

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

Техникалық ерекшелік сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, әзірленеді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылуға тиіс.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Бұл ретте мұндай мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу және жобалау-сметалық (үлгілік жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылған кезде оларды әзірлеу туралы техникалық тапсырмада есептеу мен жобалау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық және үкіметтік емес стандарттарына (бар болса) сәйкес келетін материалдар мен жабдықты қолдану туралы талап көрсетілуге тиіс.

Тауарларға, көрсетілетін қызметтерге техникалық ерекшелікте функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипатталуы функционалдық шектерді, техникалық сипаттама параметрлерін, тауардың мақсатын және тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің пайдаланылу талаптарын қамтитын тиісті белімдерге бөлінуге тиіс.

Қажет болған кезде техникалық ерекшелікте тауарларды тапсырыс берушіге жеткізу кезінде қажетті ілеспе көрсетілетін қызметтер (монтаждау, ретке келтіру, оқыту, тауарларды тексеру және сынақтан өткізу және тағы басқа) мен олар көрсетілетін орын, тауардың шыққан жылы, кепілдік мерзімі көрсетіледі.

Көрсетілу сапасы осындағы қызметтерді тікелей көрсететін қызметкердің біліктілігіне байланысты қызметтер сатып алынған жағдайда, техникалық ерекшелікте жұмыскерге қойылатын, оған жүктелетін міндеттерді орындау үшін қажетті оның кәсіптік даярлық деңгейі мен бейінін, жұмыс өтілін айқындастын талаптардың сипаты беріледі.

Үлгілік конкурстық құжаттамаға  
3-қосымша

**Сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі**  
**(әлеуетті өнім беруші әрбір лотқа бөлек ұсынады)**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – *ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Конкурстың № \_\_\_\_\_

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Лоттың №	
Лоттың атауы	
Тауардың атауы (маркасын, моделін, түрін және/ немесе тауар белгісін не қызмет көрсете белгісін және т.б. көрсете отырып)	
Шығарылған елі	
Дайындауши зауыт	
Шығарылған жылы	
Кепілдік мерзімі (бар болса) (ай)	
Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын сипаттау	
Конкурстық құжаттаманың (техникалық ерекшеліктің) талаптарына тауардың сәйкестігін растайтын өзге де мәліметтер.	

Техникалық ерекшелік сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, әзірленеді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Бұл ретте техникалық ерекшелікте Қазақстан Республикасының занамасына сәйкес жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттарды ұсыну туралы өнім берушілерге қойылатын талап қамтылуға тиіс.

Үлгілік конкурстық құжаттамаға  
4-қосымша

## **Сатып алынатын жұмыстардың техникалық ерекшеліктері**

*Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – КР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

\_\_\_\_\_ мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс.

(толық атауын көрсету керек)

Техникалық ерекшелік қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сыйбаларды, эскиздерді қосқанда сатып алынатын жұмыстардың талап етілетін техникалық және сапалы сипаттамаларын толық сипатымен және ұлттық стандарттарды, ал олар болмаған жағдайда сатып алынатын жұмыстарға мемлекетаралық стандарттарды көрсете отырып, әзірленеді. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескеріле отырып, сатып алынатын жұмыстардың талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде конкурстық құжаттамада техникалық ерекшеліктің орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуға тиіс. Бұл ретте мұндағы мемлекеттік сатып алу бойынша жұмыстарды орындау мерзімдері белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды орындау мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

Сондай-ақ, осы техникалық ерекшелікте мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы құрылыш алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа да ерекше табиғи жағдайлардың қысқаша сипатын, инфрақұрылым мен коммуникациялардың бар-жоғын, жергілікті ресурстардың сипатын, стандарттар мен техникалық нормативтер жүйесін береді және объектінің пайдалануға беруде қайшылықтарды болдырмайтын объектінің толық құрамын, аумақты инженерлік дайындауға, өндіріс технологиясы мен жабдықтауға, инженерлік қамтамасыз етуге, пайдаланылатын материалдар мен конструкцияларға, объектіні жарактандыруға және т.б. талаптарды көрсетуге тиіс.

Ұлгілік конкурстық құжаттамаға

5-қосымша

*Ескерту. 5-қосымшага өзгеріс енгізілді – КР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

**Конкурсқа қатысуға өтінім**

(занды тұлғалар үшін)

Кімге \_\_\_\_\_ (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен \_\_\_\_\_

(әлеуекті өнім берушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер заңды тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК, ЖСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының Т.А.Ә. (бар болса)	

2. \_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) осы өтініммен (конкурстың толық атауын көрсету қажет) конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстың құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес (тауарды (тауарларды) беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді – қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. Әлеуетті өнім беруші осы өтініммен "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабында көзделген шектеулерді бұзу жоқ еkenін растайды.

Сондай-ақ, осы арқылы әлеуетті өнім берушінің Заңының 43-бабы 19-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алу (тауарды (тауарларды), жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді – қажеттісін көрсету керек) туралы шартты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұзуға келісімін де білдіріледі.

4. Әлеуетті өнім беруші конкурстың құжаттамамен танысқандығын және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши мен конкурстың комиссияға өзінің құқықтық қабілеттілігі, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (берілетін тауарды (тауарларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді – қажеттісін көрсету керек) дұрыс емес ақпарат бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабактас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар еkenін растайды.

Әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстың өтінім конкурстың өтінімдер ашылған күннен бастап \_\_\_\_ күн ішінде қолданылады.

6. Біздің конкурстың өтінім женді деп танылған жағдайда, біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш

пайызын құрайтын сомада енгіземіз (егер конкурстық құжаттамада шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

Біздің конкурстық өтінім женді деп танылған жағдайда біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер конкурстық құжаттамада аванс төлеу көзделген болса).

7. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу сәтіне дейін конкурсқа қатысуға осы өтінім Сіздің оны женді деп тану туралы хабарламаңызben бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін орындайтын болады.

---

---

---

(Әлеуettі өнім беруші заңды тұлғаның бірінші басшысының не оның орынбасарының лауазымы, Т.А.Ә. (бар болса) және қолы)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

М.О.

Үлгілік конкурстық құжаттамаға  
6-қосымша

#### **Конкурсқа қатысуға өтінім**

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(жеке тұлға үшін)

Кімге \_\_\_\_\_  
(мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен \_\_\_\_\_  
(әлеуettі өнім берушінің атауы толық көрсетіледі)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға (әлеуettі өнім беруші) туралы мәліметтер

Әлеуettі өнім беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес Т.А.Ә. (бар болса)	
Әлеуettі өнім беруші жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат деректері	
Әлеуettі өнім беруші жеке тұлғаның тіркелген мекенжайы	
Әлеуettі өнім беруші жеке тұлғаның іс жүзіндегі тұрғылықты мекенжайы	
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс нысанасына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі	
Әлеуettі өнім беруші жеке тұлғаның банктік деректемелері (ЖСН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	

Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның байланыс телефондары, пошталық мекенжайы мен электрондық поштасының мекенжайы (бар болса)

2. \_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса) көрсетіледі) осы өтініммен конкурс тәсілімен өткізілетін (конкурстың толық атауы көрсетілсін) мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстың құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес (тауарды (тауарларды) жеткізуі , жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді – қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. Әлеуетті өнім беруші осы өтініммен "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабында көзделген шектеулерді бұзу жоқ екенін растайды.

Сондай-ақ, осы арқылы әлеуетті өнім берушінің Заңының 43-бабы 19-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алу (тауарды (тауарларды), жұмыстарды, көрсетіледі қызметтерді – қажеттісін көрсету керек) туралы шартты бұзуға келісімін де білдіріледі.

4. Әлеуетті өнім беруші конкурстың құжаттамамен танысқандығын және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши мен конкурстың комиссияға өзінің құқықтық қабілеттілігі, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы ( берілетін тауарды (тауарларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетіледі қызметтерді – қажеттісін көрсету керек) дұрыс емес ақпарат бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабактас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар екенін растайды.

Әлеуетті өнім беруші осы конкурстақ қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстың өтінім конкурстың өтінімдер ашылған күннен бастап \_\_\_\_\_ күн ішінде қолданылады.

6. Біздің конкурстың өтінім женді деп танылған жағдайда, біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгіземіз (егер конкурстың құжаттамада шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

Біздің конкурстың өтінім женді деп танылған жағдайда біз мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер конкурстың құжаттамада аванс төлеу көзделген болса).

7. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу сәтіне дейін конкурстақ қатысуға осы өтінім Сіздің оны женді деп тану туралы хабарламаызben бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін орындастын болады.

/ \_\_\_\_\_ /

(Әлеуетті өнім беруші жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса) және оның қолы)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Үлгілік конкурстың құжаттамаға

7-қосымша

**Біліктілігі туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші жұмыстарды сатып алу кезінде толтырады)**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – *ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)* қаулысымен.

Конкурстың № \_\_\_\_\_

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Лоттың № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/СЖН/ТЕН \_\_\_\_\_

2. Әлеуетті өнім беруші соңғы он бес жыл ішінде орындаған, конкурста сатып алынатындарға үқсас (осында) жұмыс қөлемі, растаушы құжаттардың\* көшірмелері (болған жағдайда толтырылады) қоса беріледі.

Жұмыстың атауы	Жұмыс орындалатын жер (объектінің орналасқан жері )	Тапсырыс берушінің атауы	Жұмыс аяқталатын жыл, ай	Растаушы құжаттың атауы, күні және нөмірі	Шарттың күны, теңге
----------------	---	--------------------------	--------------------------	---	---------------------

3. Әлеуетті өнім беруші растаушы құжаттардың көшірмелермен қоса, жұмыстарды орындау үшін қажетті, конкурстың құжаттамада көзделген жабдықтың (механизмдер, машиналар) не үқсас (қосымша) жабдықтың (механизмдер, машиналар) бар екендігі туралы мәліметтерді көрсетеді\*\*.

P/c №	Жабдықтың (механизмдердің, машиналардың) атауы	Қолда бар бірліктердің саны	Жай-күйі (жана, жаксы, нашар)	Меншікті (меншік құқығын растаушы құжаттарды қоса беру), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растаушы құжаттар қоса беріледі)	Растаушы құжаттың атауы, күні мен нөмірі
-------	--	-----------------------------	-------------------------------	---	--

4. Растаушы құжаттардың көшірмелерімен қоса, еңбек ресурстары туралы мәліметтер\*\*.

P/с №	Жұмыскерлердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке куәлігінің көшірмесі қоса беріледі)	Лауазымы	Азаматтығы	Білімі туралы құжат бойынша біліктілігі (білімі туралы құжаттың көшірмесі қоса беріледі)
1				
2				
3				
...				

Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын

Ескертпе:

\*егер конкурсның нысанасы құрылыш болса, орындалған жұмыстар және объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің көшірмесі жұмыс тәжірибесін растау құжаты болып табылады;

егер конкурсның нысанасы жұмыстың өзге түрі болса, орындалған жұмыстар актілерінің және шот-фактуралардың көшірмесі жұмыс тәжірибесін растау құжаты болып табылады;

егер конкурсның нысанасы жаңа құрылыш болып табылса, жаңа объектілерді салудағы жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі;

егер конкурсның нысанасы кенейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қайта жаңғырту болып табылса, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, объектілерді салудағы, бар объектілерді кенейтудегі, жаңғыртудағы, техникалық қайта жасақтаудағы және қайта жаңғыртудағы жұмыс тәжірибесі ескеріледі;

егер конкурсның нысанасы күрделі жөндеу болып табылса, онда жаңа объектілерді салудағы, бар объектілерді кенейтудегі, жаңғыртудағы, техникалық қайта жасақтаудағы және қайта жаңғыртудағы жұмыс тәжірибесі ескеріледі.

Құрылыш саласындағы жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде Қазақстан Республикасының сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы заңнамасына сәйкес айқындалған құрылыш объектілерінің функционалдық мақсаты және салалық тиесілілігі мен олардың техникалық және (немесе) технологиялық күрделілігі ескеріледі.

\*\*Растаушы құжаттардың көшірмелерін ұсыну конкурсның құжаттамада көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндettі. Егер конкурсның құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарын иелену бөлігінде талаптар көзделмесе, растау құжаттарының көшірмелері ұсынылмайды.

Үлгілік конкурсның құжаттамаға

8-қосымша

**Біліктілік туралы мәліметтер (әлеуетті өнім беруші көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырады)**

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Конкурстың №\_\_\_\_\_

Конкурстың атауы\_\_\_\_\_

Лоттың №\_\_\_\_\_

Лоттың атауы\_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы\_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/СЖН/СЕН\_\_\_\_\_

2. Растаушы құжаттардың (бар болған жағдайда толтырылады) көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға үқсас (сол сияқты) көрсеткен қызметтің көлемі.

Көрсетілген қызметтің атауы	Кызмет көрсетеу орны	Тапсырыс берушінің атауы	Кызмет көрсетеу жылы мен айы (— бастап — дейін)	Растаушы құжаттың атауы, күні және номірі	Шарттың құны, теңге
-----------------------------	----------------------	--------------------------	---	---	---------------------

3. Әлеуетті өнім беруші қызметті көрсетеү үшін қажетті растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, конкурстың құжаттамада көзделген материалдық ресурстардың болуы туралы мәліметтерді көрсетеді.

№	Материалдық ресурстардың атауы	Қолда бар бірліктердің саны (дана)	Жай-күйі (жаңа, жақсы, нашар)	Жеке меншік (меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растаушы құжаттар қоса берілсін)	Растаушы құжаттың атауы, күні және номірі
---	--------------------------------	------------------------------------	-------------------------------	--	---

4. Әлеуетті өнім беруші растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, осы конкурс (лот) бойынша қызметтерді көрсете мақсатында қажетті өздеріне жүктелген міндеттерді орындау үшін білікті қызметкерлер туралы мәліметтерді көрсетеді.

p/c	Қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке басын күәландыратын құжаттың көшірмесі қоса берілсін)	Осы конкурста сатып алынатын қызметтерді көрсетеү саласындағы жұмыс өтілі	Біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың номірі мен берілген күнін көрсетсін, олардың көшірмелері қоса берілсін)	Мамандығы бойынша санаты, разряды, сыныбы
-----	--	---	--	---

егер қызметкерлерге және осындай қызметкерлердің болуы жөнінде қойылатын талаптар осы конкурс (лот) бойынша техникалық ерекшелікте көрсетілген болса толтырылады.

Біліктілік туралы барлық мәліметтердің  
дұрыстығын растаймын

Ескертпе:

1. Салық кодексінің 397-бабында көзделген көрсетілетін қызметтермен байланысты, сондай-ақ есебі сертификатталған есепке алу жүйелері (аспаптар) арқылы жүргізілетін қызметтерді, оның ішінде коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау) және байланыс қызметтерін көрсетумен байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар шот-фактуралар көшірмесі болып табылады.

2. Растаушы құжаттардың көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда растаушы құжаттардың көшірмелерін бермеуге де болады.

3. Материалдық ресурстардың жалдау құқығын растайтын құжат жалдау шартының көшірмесі не алдын ала жалдау шартының көшірмесі болып табылады. Бұл ретте шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету мерзімінен кем болмауы тиіс.

4. Өтілі бойынша талап бар болған жағдайда, аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері немесе жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер және 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабы 1), 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген құжаттардың бірі қызметкердің өтілін растайтын құжат болып табылады.

Бұл ретте қызметкердің соңғы он жылдағы өтілі ескеріледі.

5. Материалдық ресурстардың қосалқы жалдау шарттарының көшірмелерін ұсынуға жол берілмейді.

6. Мерзімі бір жылдан асатын шарттар бойынша жұмыс тәжірибесін есептеу кезінде қызметтердің аяқталу жылды танылады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есеп нөмірі.

Үлгілік конкурстық құжаттамаға

**Біліктілік туралы мәліметтер (тауарларды сатып алған кезде әлеуетті өнім беруші толтырады)**

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Конкурс № \_\_\_\_\_

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Лот № \_\_\_\_\_

Лоттың атауы \_\_\_\_\_

1. Әлеуетті өнім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН/ЖСН/ССН/СЕН \_\_\_\_\_

2. Растиауши құжаттардың (бар болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде жеткізген (шығарған), конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) тауарлар көлемі.

Тауардың атауы	Алушының атауы	Тауарды жеткізу орны	Тауарды жеткізу күні	Растиауши құжаттың атауы, күні мен нөмірі	Шарттың күны, теңге
Біліктілік туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растиамын					

Ескертпе:

Сатып алынатын тауарлар нарығында тауарлар мен шот-фактураларды қабылдап алу актілерінің көшірмелері жұмыс тәжірибесін растиатын құжаттар болып табылады. 2017 жылғы 1 қаңтарға дейін сатып алынатын тауарлар нарығында жұмыс тәжірибесі бар болса, жүккүжаттар мен шот-фактуралардың көшірмелері де жұмыс тәжірибесін растиатын құжаттар болып табылуы мүмкін.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН – төлеушінің есеп нөмірі.

Үлгілік конкурстың құжаттамаға

10-қосымша

**Банк кепілдігі**

Банктің атауы: \_\_\_\_\_

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: \_\_\_\_\_

(мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

№ \_\_\_\_\_ кепілдік міндеттеме

ж. " " \_\_\_\_\_

(орналасқан жері)

Біз, бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын, \_\_\_\_\_,  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

\_\_\_\_\_ үйымдастырған \_\_\_\_\_

(мемлекеттік сатып алушты үйымдастырушының атауы)  
сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысатыны және

конкурс (лот/лоттар) бойынша тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы жеткізуді (жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді) жүзеге асыруға дайын екені туралы хабардар етілгенбіз.

Жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі \_\_\_\_\_ ж.

" " \_\_\_\_\_ конкурстың құжаттамада әлеуетті өнім берушілердің конкурстың өтінімді қамтамасыз етуді банк кепілдігі түрінде енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз \_\_\_\_\_ осы арқылы Сіздің ақы  
(банктің атауы)

төлеуге жазбаша талabyнызды, сондай-ақ Өнім берушінің:

конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алғанын не өзгертуенін және (немесе) толықтырғанын;

конкурсқа қатысушы деп танылған тұлға белгіленген мерзімде өзінің конкурстың баға ұсынысын бермегенін не кері қайтарып алғанын;

конкурстың жеңімпазы деп айқындалған тұлға мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарғанын;

мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы конкурстың құжаттамада белгіленген талаптарды орындағанын не тиісінше орындағанын жазбаша растауынызды алғаннан соң Сіздің талап етуіңіз бойынша

\_\_\_\_\_ (сома цифмен және жазумен)

тең соманды төлеуге кері қайтарып алынбайтын міндеттемені өзімізге аламыз.

Осы кепілдік міндеттеме конкурстың өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттеме Өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылуының соңғы мерзіміне дейін қолданылады және егер Сіздің жазбаша талabyнызды біз \_\_\_\_\_ аяғына дейін алмасақ, осы құжаттың бізге қайтарылуына немесе қайтарылмауына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды. Егер конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылса, онда осы кепілдік міндеттеме сондай мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындаитын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы мен мөрі Күні мен мекенжайы

Үлгілік конкурстық құжаттамаға

11-қосымша

**Берешектің жоқ екені туралы анықтама**

Ескеrtу. 11-қосымша алып тасталды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Үлгілік конкурстық құжаттамаға

12-қосымша

Конкурста сатып алу нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері (конкурстың толық атауын көрсету керек)

Ескеrtу. 12-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) – занды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) тегі, аты, экесінің аты (бар болса)	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушы) сәйкес бизнес-сәйкес естендіру номірі, оның толық занды және пошта мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің ақшалай мәндегі көлемі	Техникалық ерекшелікке сәйкес орындалатын жұмыстардың (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстардың көрсетілетін қызметтердің (бірлесіп орындаушыларға) пайыздық мәндегі көлемі
	Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы		тенге	көлемінің %
	Осы қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) бойынша барлығы		тенге	көлем %-ы
	Барлық қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) бойынша жиыны		тенге	көлем %-ы

Осы арқылы конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) қатысуға өтінім беретін әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер(лер)i (бірлесіп орындаушы(лар)ы) конкурс (конкурстың толық атауын көрсету керек) тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға

қатысу шарттары туралы өзінің хабардар екенін білдіреді және өзіне әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігерлеріне (бірлесіп орындаушыларына) қатысты бөлігінде конкурстық құжаттамада көзделген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілікті қабылдайды.

Қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) – занды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), әкесінің аты (бар болса)	Қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы
--	--	------

Әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі жиынтығында орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Осы талап Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес операторлар болып айқындалған занды тұлғалармен Заңның 39-бабы З-тармағының 36) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу жағдайларына қолданылмайды.

Бұл ретте қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) өткізілетін мемлекеттік сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету көлемдерін өзге қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беруіне тыйым салынады.

## Үлгілік конкурстық құжаттамаға 13-қосымша

### Әлеуетті өнім беруші бағаларының кестесі

Ескерту. 13-қосымшага өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

(лоттың номірін көрсете отырып, әрбір лотқа жеке толтырылады)

P/c №	Мазмұны	Тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің атауы
1	Қысқаша сипаты	
2	Шығарылған елі (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын кезде алғып тасталады)	
3	Дайындаушы зауыт (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер сатып алынатын кезде алғып тасталады)	
4	Өлшем бірлігі	

5	бірліктің бағасы	
	ИНКОТЕРМС 2000	
	шарттарында (межелі пункті)	
6	Саны (көлемі)	
7	Bағасы, барлығы = _____ 5- жол x 6-жол, әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға, сактандыруға, кедендік баждарды төлеуге, салықтарды (ҚҚС-сыз), төлемдер мен алымдарды төлеуге жұмсаған барлық шығыстарын, жыныстықтаушы бөлшектер мен міндепті қосалқы бөлшектердің, пайдаланудың бастапқы мерзімінде өлшем бірлігіне қызмет көрсету құнын, басқа шығыстарды қосқанда	
8	Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.	

Біз сіздердің конкурстық құжаттамада айтылған төлем шарттарының ізбен келісеміз.

(Колы) (лауазымы, Т.А.Ә. (бар болса)

М.О.

Ескертпе: "бағасы, барлығы" деген жолды конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып айқындалған және қайта қарауға жатпайды деп қарайды.

Үлгілік конкурстық құжаттамаға

14-қосымша

**Әлеуетті өнім беруші бағаларының кестесі**

---

**(әлеуетті өнім берушінің атауы)**

Ескерту. 14-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мазмұны						Бағасы, барлығы =
						_____ — 7-жол x 8 - жол, әлеуетті

Лот №	Тауардың, жұмыстың, көрсетілет ін қызметтің атауы	Қыскаша сипаттамасы	Шығарылған елі (жұмыстар м е н көрсетілет і н қызметтер ді сатып алатын кезде алып тастау керек)	Дайындау шы зауыт (жұмыстар м е н көрсетілет і н қызметтер ді сатып алатын кезде алып тасталады)	ИНКОТЕР MC 2000 — — шарттары н да бірліктің бағасы (межелі пункті)	Саны көлемі)	өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баждарды төлеуге, салықтарды (КҚС-сыз), төлемдер м е н алымдарды төлеуге жұмсаған барлық шығыстарын, жиынтықтаушы бөлшектер м е н міндетті қосалқы бөлшектердің, пайдаланудың бастапқы мерзімінде өлшем бірлігіне қызмет көрсету құнын, басқа шығыстардың қосқанда

Біз сіздердің конкурстық құжаттамада айтылған төлем шарттарыныңбен келісеміз.

(Колы) (лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны (бар болса)

Ескертпе: "бағасы, барлық" деген жолды конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын есепке ала отырып айқындалған және қайта қарауға жатпайды деп қарайды.

Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып

алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
2-1-қосымша  
Бекітемін

---

(Тапсырыс берушінің толық атауын және оның осы конкурстық құжаттаманы бекіткен лауазымды

адамының тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса) көрсетіледі)

**20 жылғы " " № шешім**

Қарулы Күштердің жеке құрамын тамактандыруды үйимдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша үлгі конкурстық құжаттама

Ескерту. Қағида 2-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

---

(конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың атауы)

Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің толық атауы, орналасқан жері, БСК, банктік деректемелері)

Тапсырыс берушінің өкілі \_\_\_\_\_

(Тапсырыс берушінің өкілі – лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), байланыс телефондарын және бар болса, электрондық поштасының мекенжайы)

Мемлекеттік сатып алуды үйимдастырушы \_\_\_\_\_

(толық атауы, орналасқан жері, БСК, банктік деректемелері)

Мемлекеттік сатып алуды үйимдастырушының өкілі \_\_\_\_\_

(Лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – мемлекеттік сатып алуды үйимдастырушының өкілі, лауазымы, байланыс телефондары және бар болса, электрондық поштасың мекенжайы)

Конкурстық құжаттаманың құны \_\_\_\_\_

– (конкурстық құжаттаманың құны теңгемен көрсетіледі, егер конкурстық құжаттаманы бергені үшін ақы алу көзделмеген болса, онда бұл тармақты мынадай редакцияда жазу қажет: "Конкурстық құжаттама тегін ұсынылады").

## **1. Жалпы ережелер**

1. Конкурс өнім берушіні (лерді) таңдау мақсатында өткізіледі (көрсетілетін қызметтердің атауы көрсетіледі).

2. Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома \_\_\_\_\_ тәңгені құрайды (көрсетілетін қызметтерді лоттарға бөлген жағдайда сома әрбір лот үшін бөлек көрсетіледі).

3. Осы конкурстық құжаттамада қамтылады:

1) лот нөмірін, өлшем бірлігін, санын, қызмет көрсете шарттарын, көрсете мерзімі мен орнын, төлем шарттарын және сатып алу үшін бөлінген соманы көрсете отырып, үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес сатып алынатын қызметтердің тізбесі;

2) бар болса, ұлттық стандартты немесе Қазақстан Республикасы өндірушілерінің коммерциялық емес ұйымдары бекіткен үкіметтік емес стандартты көрсете отырып, ал қажет болған кезде үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес нормативтік-техникалық құжаттаманы көрсете отырып, сатып алынатын қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және функционалдық сипаттамалары, техникалық ерекшеліктері;

3) үлгілік конкурстық құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға өтінімдер;

4) үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес қызметтер көрсете үшін әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтер қамтылады.

4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтініммен қоса төменде көрсетілген нысандардың бірінде қызметтерді сатып алу үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді:

1) мынадай банк шотында \_\_\_\_\_ (тапсырыс берушінің не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотының толық деректемелері көрсетіледі) орналастырылатын ақшаның кепілдік берілген ақшалай жарнасы;

2) үлгілік конкурстық құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес банк кепілдігі.

5. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімнің өзінің қолданылу мерзімінен кем болмайды.

**2. Конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілерге оның ережелерін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының түсіндіруі**

6. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші қажет болған жағдайда конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы 20\_\_ жылғы "\_\_\_",

\_\_\_ сағат \_\_\_ минуттан кешіктірмей жазбаша сұрау салумен жүгінеді. Әлеуетті өнім берушілердің сұрау салулары мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының мынадай деректемелері бойынша жіберіледі: (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының пошталық мекенжайы, сұрау салуларды қабылдау жүргізілетін бөлімше мен бөлменің нөмірі көрсетіледі).

7. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салудың кімнен келіп түскенін

көрсетпестен, олар туралы мәліметтер конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген тұлғаларға конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіруді жібереді.

8. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы 20\_\_ " \_\_ ", \_\_ сағат \_\_ минуттан кешіктірілмейтін мерзімде өз бастамасымен немесе мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген әлеуетті өнім берушінің сұрау салуына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу конкурстық құжаттаманы бекіту сияқты тәртіппен ресімделеді.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және конкурстық құжаттамаға өзгерістер бекітілген күннен бастап бір жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы конкурстық құжаттаманың көшірмесі ұсынылған барлық әлеуетті өнім берушілерге өтеусіз негізде жібереді. Бұл ретте, әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерде осы өзгерістерді есепке алуы үшін мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы конкурсқа қатысуға өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімін кемінде күнтізбелік он күн мерзімге ұзартады.

9. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы конкурстық құжаттаманың көшірмесі берілген әлеуетті өнім берушілермен не олардың уәкілетті өкілдерімен конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін \_\_\_\_\_ (кездесуді өткізу орны, күні мен уақыты көрсетіледі) кездесу өткізеді.

10. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы әлеуетті өнім берушілермен кездесу хаттамасын жасайды, онда көздерін көрсетпей, әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы ұсынылған сұрау салулары, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптар көрсетіледі. Хаттама әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей конкурстық комиссияға және мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыруышы конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналында көрсетілген пошта деректемелері бойынша конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

**3. Қарулы Құштердің жеке құрамы үшін тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар және әлеуетті өнім берушілердің мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдері бар конверттерді беруі**

### **1. Конкурсқа қатысуға өтінім**

11. Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуге келісім білдіру нысаны болып табылады.

12. Үлгілік конкурстың құжаттамаға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес әлеуettі өнім беруші толтырған және қол қойған конкурсқа қатысуға өтінімде мыналар қамтылуы тиіс:

1) әлеуettі өнім беруші өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі:

құқық қабілеттілігін растайтын нотариат куәландырған құжаттар (заңды тұлғалар үшін), жеке куәліктің көшірмесі (жеке тұлға үшін) (бұл ретте дара кәсіпкер ретінде тіркеудің бар екені туралы ақпаратты тапсырыс беруші қажет болған кезде [www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz) сайтындағы "Электрондық сервистер/салық төлеушілерді іздеу" бөлімінен алады);

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген), олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі рұқсаттар (хабарламалар) (мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде болмағанда, әлеуettі өнім беруші Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады);

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесі;

сатып алынатын тауарларды өндіру, өндеу, жеткізу және өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету құқығын растайтын патенттерінің, куәліктерінің, сертификаттырының, басқа құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелері;

[www.egov.kz](http://www.egov.kz). "Электрондық үкімет" веб-порталынан алынған заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

әлеуettі өнім беруші конкурстың қатысуға өтініммен бірге өткізілетін мемлекеттік сатып алу сомасының жүз пайызына тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше резидент банктерінің банк кепілдіктері түрінде шартты орындауды қамтамасыз етуді беру арқылы төлем қабілеттілігі туралы жалпы біліктілік талабына сәйкестігін растайды;

мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз етуді әлеуettі өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді толық орындау үшін конкурстың құжаттамада белгіленген мерзімге береді;

үлгілік конкурстың құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтер;

2) үлгілік конкурстың құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес техникалық ерекшелік;

3) конкурстың қатысуға өтінімді банк кепілдігі не мемлекеттік сатып алушының банк шотына орналастырылатын кепілдік берілген ақшалай

жарнаны растайтын төлем күжаты түрінде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Зандада белгіленген мөлшерде қамтамасыз ету;

4) Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 14-қосымшаға сәйкес қызмет көрсетушілерді таңдау өлшемшарттарын растайтын күжаттар;

5) әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қою құқығы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің мұдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) конкурсқа қатысуға өтінімге қол қою және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысу құқығына берілетін сенімхат.

**ЕскеRTу. 12-тармакқа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Қызметтерді бірлесіп орындаушыларды тартуға жол берілмейді.

## **2. Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар**

14. Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тігілген түрде, беттерін нөмірлеп береді және соңғы бетін өзінің қолын қойып, мөрмен (егер бар болса) куәландырады.

Конкурсқа қатысуға өтінімнің техникалық бөлігі (тігілген түрде, беттері нөмірленіп, соңғы беті әлеуетті өнім берушінің қолымен және мөрімен (егер бар болса) куәландырылған түрде) және конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын күжаттың түпнұсқасы жеке беріледі.

15. Конкурсқа қатысуға өтінім басып шығарылуға немесе өшірілмейтін сиямен жазылуға және оған әлеуетті өнім беруші қол қоюға және мөрімен бекітуге (егер бар болса) тиіс.

16. Әлеуетті өнім берушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімде жолдар арасында ешқандай қыстырмалар, өшірулер немесе қосымша жазулар болмауға тиіс.

17. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді конвертке салып желімдейді, оның беткі жағында әлеуетті өнім берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол "кешіккен" болып жарияланатын болса, конкурсқа қатысуға өтінімді ашпай қайтару мақсатында), мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайы, конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алудың атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуге тиіс: "(конкурстың атауы көрсетіледі) сатып алу жөніндегі конкурс" және "(конкурсқа қатысуға өтінім ашылатын күн мен уақыты көрсетіледі) дейін ашпаңыз".

## **3. Конкурсқа қатысуға өтінімді беру тәртібі**

18. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға қолма-қол немесе (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының толық пошталық мекенжайы, бөлме нөмірі, конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау мен тіркеуге жауапты адамның (адамдардың)

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсету керек) мекенжайы бойынша тапсырысты пошта байланысын пайдалана отырып, (конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталатын күні мен уақыты көрсетіледі) қоса алғандағы мерзімге дейін береді.

19. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін алған конкурсқа қатысуға өтінімдердің барлығы ашылмайды және конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша оларды ұсынған әлеуетті өнім берушіге не алғаны туралы қолхатпен әлеуетті өнім берушілердің тиісті уәкілетті өкілдерінің жеке өздеріне қайтарылады.

20. Әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының жауапты адамы, ал тапсырыс беруші және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы бір тараптан әрекет еткен жағдайларда – конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, тиісті журналға тіркейді.

21. Осы конкурстық құжаттамада көзделген конкурсқа қатысуға өтінімдерді ресімдеуге қойылатын талаптар бұзылған конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер қабылдауға және тіркелуге жатпайды.

#### **4. Конкурстық өтінімдерді өзгерту және оларды қайтарып алу**

22. Әлеуетті өнім берушінің өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтаруға құқықтарын жоғалтпай, конкурстық өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертуіне немесе қайтарып алуына болады. Өзгерістер енгізу конкурсқа қатысуға өтінімнің өзі сияқты дайындалуға, желімделуге және ұсынылуға тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атына еркін нысандағы өтініш түрінде ресімделеді, оған әлеуетті өнім берушінің қолы қойылады және мөрмен (егер бар болса) бекітіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімге өзгеріс енгізу не конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу, егер оларды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін алса, жарамды болып табылады.

23. Конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты оларды қайтарып алуға жол берілмейді.

24. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада белгіленген конкурсқа қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімі өткенге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірмей, қажет болған жағдайда, нақты уақыт кезеңіне өтінімнің қолданылу мерзімін ұзарту туралы әлеуетті өнім берушілерге сұрау салу жібереді. Әлеуетті өнім беруші мыналарға:

1) өзінің конкурсқа қатысуға өтінімінің мерзімі ішінде конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға;

2) осындай өтінімнің қолданылу мерзімі өткеннен кейін өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпай, осындай сұрау салуды қабылдамауға құқылы.

25. Әлеуетті өнім беруші өзінің конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуымен байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши, конкурстық комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы конкурс тәсілімен өткізілетін мемлекеттік сатып алу қорытындыларына қарамастан, осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелерді көтермейді.

## **5. Конкурс тәсілмен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді конкурстық комиссияның ашуы**

26. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуды конкурстық комиссия келген барлық әлеуетті өнім берушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен жүргізеді (конкурс өткізілетіні туралы хабарландыруда (хабарламада) көрсетілген конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу және конкурстық комиссияның отырысы өткізілетін күні, уақыты және орны көрсетіледі). Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді берудің соңғы мерзімі мен конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу арасындағы кезең екі сағаттан аспайды.

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының хабарландыруында (хабарламасында) және осы конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде және тәртіппен ұсынылған әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері салынған конверттер ашылуға жатады.

Егер конкурсқа (лотқа) конкурсқа қатысуға бір ғана өтінім берілсе, осы конкурсқа қатысуға өтінім де ашылады және қаралады.

27. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің уәкілетті өкілдері өздерінің қатысуын растай отырып, олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды көрсетуге және әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналына тіркелуге тиіс (тіркелетін орны, күні және уақыты көрсетіледі, бұл уақыт конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді аштын уақыттан бұрын болуға тиіс, ал тіркеу орны конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі өткізілетін орынмен бірдей болуға тиіс).

Әлеуетті өнім берушілер мен олардың уәкілетті өкілдерінің конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімінің аудиожазбасы мен бейнетүсірілімін пайдалануына жол берілмейді.

28. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі отырысына қатысып отырған әлеуетті өнім берушілердің және оның уәкілетті өкілдерінің мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының уәкілетті өкілінің,

конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының қызметіне араласуына жол берілмейді.

**29. Конкурстық комиссияның көрсетілген отырысында:**

1) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушиның уәкілетті өкілі, ал тапсырыс беруші мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши ретінде бір тұлға әрекет еткен жағдайларда ол туралы мәліметтер осы конкурстық құжаттамада көрсетілген конкурстық комиссияның хатшысы қатысуышыларды:

конкурстық комиссияның құрамы, конкурстық комиссияның хатшысы;

конкурстық құжаттама көшірмесін алған әлеуетті өнім берушілер саны;

әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларының бар не жоқ екені, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушиның конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізуі;

конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісінің бар не жоқ екені, сондай-ақ себептері;

белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінім берген, тиісті тіркеу журналында тіркелген әлеуетті өнім берушілер туралы хабардар етеді;

2) конкурстық комиссия төрағасы не конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан төраға анықтаған тұлға:

конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашады және өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді;

**3) конкурстық комиссияның хатшысы:**

тиісті конверттерді ашу хаттамасын ресімдейді;

әлеуетті өнім берушінің уәкілетті өкілдерін конкурстық комиссия отырысының көрсетілген хаттамасының көшірмесін алуға болатын мерзім туралы хабардар етеді.

Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу бойынша отырысының хаттамасына отырысқа қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің бәрі, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды және әр парагын дәйектейді.

Көрсетілген конкурстық комиссия отырысы хаттамасының көшірмесі конкурстық комиссияның көрсетілген отырысы өткізілген күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі отырысына қатысқан әлеуетті өнім берушілерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне, ал болмағандарға – олардың жазбаша сұрау салуы бойынша сұрау салу алынған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде беріледі.

**6. Конкурс тәсілмен өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімдерді олардың конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан конкурстық комиссияның қарауы және әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысуға жіберу. Өлшемшарттар бойынша есептеу нәтижелерінде конкурсқа қатысушылар жинаған**

## **балдар санын, конкурсқа қатысушыларды конкурстық комиссияның бағалауы мен салыстыруы және конкурс женімпазын анықтау**

30. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілердің арасынан біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау және оларды конкурсқа қатысушы деп тану мақсатында конкурстық комиссия жүзеге асырады.

31. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірүлдерді жазбаша нысанда сұратуға;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратуға құқылы.

Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұратулары мен өзге де әрекеттеріне жол берілмейді. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру деп конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі.

Егер конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық комиссия оны конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келеді деп қарайды.

32. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушіні мынадай:

1) әлеуетті өнім берушінің және ол тартқан көрсетілетін қызметтерді бірлесіп орындаушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растауға арналған құжатты ( құжаттарды) әлеуетті өнім беруші ұсынбаған;

2) әлеуетті өнім беруші өзі тартқан бірлесіп орындаушының біліктілік талаптарына сәйкестігін, сондай-ақ сәйкессіздігін растау үшін ұсынған құжаттарда қамтылған ақпарат негізінде біліктілік талаптарына сәйкессіздік фактісі анықталған;

3) біліктілік талаптары жөнінде дұрыс емес ақпаратты ұсыну фактісі анықталған жағдайларда біліктілік талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Әлеуетті өнім берушіні Заңның 10-бабының 1-тarmaғында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тануға жол берілмейді.

Отінімді қамтамасыз ету соманың бір пайызынан астам мөлшерде енгізілген жағдайда конкурстық комиссия енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келеді деп таниды.

33. Конкурстық комиссия мынадай:

1) банк кепілдігі түрінде берілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

2) конкурстық комиссияға:

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

қатысу үшін банк кепілдігі түрінде берілген өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алушын атауын;

банк кепілдігі түрінде берілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасын, сондай-ақ оны беру шарттарын;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлғаны айқындауға мүмкіндік бермейтін мәліметтердің болмауынан көрініс табатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген жағдайларда, енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Өзге негіздер бойынша конкурсқа қатысуға өтінімге енгізілген қамтамасыз етуді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес емес деп тануға жол берілмейді.

34. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушы біліктілік талаптарына сәйкес емес деп айқындалса;

2) Заңның 6-бабының және Заңның 6-бабы 1-тармағының 7), 8), 9) және 10) тармақшаларының талаптарын бұзса;

3) оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес емес деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

Егер әлеуетті өнім беруші осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген негіздемелер бойынша конкурсқа қатысуға жіберілмесе, онда:

конкурс қорытындылары туралы хаттамада осындай әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін қабылдамау негіздемесі көрсетіледі;

Заңның 6-бабының талаптарын бұзған әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алушын жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізілуге жатады.

35. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайды және конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде әлеуетті өнім берушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылдайды (техникалық сипаттамалары мен ерекшелігі күрделі көрсетілетін

қызметтерді қурделі мемлекеттік сатып алуды өткізген жағдайда, мұндай өтінімдер конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап құнтізбелік жиырма күн ішінде қаралады).

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 10-қосымшаға сәйкес ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен отырысқа қатысып отырған барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды. Сараптамалық қорытынды не сарапшының (сараптау комиссиясы мүшесінің) ерекше пікірі бар болса, конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға қоса берілуі мүмкін.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болған жағдайда ресімделмейді.

36. Біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер анықталған жағдайда конкурстық комиссия мұндай әлеуетті өнім берушілерге алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген, алдын ала рұқсат беру хаттамасына қол қойылған күннен бастап кемінде жеті жұмыс күні болуға тиіс мерзімде конкурсқа қатысуға өтінімдерін біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы мынадай:

- 1) Заңның 6-бабының талаптарын бұзған;
- 2) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша дәйексіз ақпарат берген;
- 3) конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны Қағидаларда белгіленген мөлшерде енгізбеген әлеуетті өнім берушілерге берілмейді.

Ескерту. 36-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 06.05.2019 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Конкурстық комиссия өлшемшарттар бойынша есептеу нәтижелері бойынша, оның ішінде конкурсқа қатысуға бір өтінім берілгенде конкурсқа қатысушылар жинаған балдар санын бағалайды және салыстырады.

38. Өнім берушіні таңдау өлшемшарттары бойынша балдарды есептеу Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 14-қосымшаға сәйкес есептеледі.

39. Әлеуетті өнім беруші өнім берушіні таңдау өлшемшарттарын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда конкурстық комиссия оларды бағалау үшін тиісті балдарды есептемейді.

40. Балдар саны тең болған кезде өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерінен бұрын түсken конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады.

41. Өтінімдерді қарau, конкурсқа қатысуға балдарды бағалау және санын салыстыру нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін, конкурсқа қатысуға жіберілетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурсқа қатысуға бір өтінім жіберілген жағдайларды қоспағанда, өлшемшарттар жөнінде есептеу нәтижелері бойынша конкурсқа қатысушылар жинаған балдарды бағалайды және олардың санын салыстырады;

3) конкурстық комиссияның төрағасы, ол болмаған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының орынбасары конкурстық комиссия отырысына қатысып отырған тұлғаларға конкурс тәсілімен өткізілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу нәтижелерін жариялады және қатысушыларға конкурс жеңімпазын жариялады.

#### 42. Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық комиссияның біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттама талаптарына әлеуетті өнім берушілерді айқындау және конкурсқа қатысушылардың балдарын бағалау және салыстыру жөніндегі отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей Ерекше тәртіпті қолдана отырып, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 12-1-қосымшаға сәйкес Қарулы Күштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманың жобасын жасайды және оған отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің, сондай-ақ конкурстық комиссия хатшысының қол қоюын және әрбір параграфын дәйектеуін қамтамасыз етеді;

2) ол туралы мәліметтер конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген, конкурсқа қатысуға өтінім берген кез келген әлеуетті өнім берушінің талап етуі бойынша осындај жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осындај әлеуетті өнім берушілердің үекілетті өкілдеріне өткізілген көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін өтеусіз негізде жібереді не ұсынады;

3) өткізілген көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге көрсетілген хаттаманың көшірмесін ұсынуды қамтамасыз етеді.

#### 7. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

43. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді әлеуетті өнім берушіге мынадай:

1) осы әлеуетті өнім беруші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған;

2) конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған (аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды);

3) мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

4) әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен жағдайлардың бірі басталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайтарады.

44. Егер:

1) әлеуетті өнім беруші конкурсықа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңы мерзімі өткеннен кейін конкурсықа қатысуға өтінімді кері қайтарып алған не өзгерте және (немесе) толықтырса;

2) конкурс жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса;

3) конкурс жеңімпазы мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаса не уақтылы орында маса, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши конкурсықа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтармайды.

## **8. Конкурс қорытындылары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт**

45. Қарулы Құштердің жеке құрамын тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші Заңың талаптарына сәйкес және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт негізінде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасына қол қояды және өнім берушігө жібереді.

46. Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сэттен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім берушігө қайтарады.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындаған жағдайда, енгізілген мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайзы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісіне төлеу фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарады.

47. Заңың 43-бабының 14, 15 және 16-тармақтарында көзделген жағдайларда шартта оны бір қаржы жылынан артық мерзімге жасасу туралы ережелер қамтылады.

48. Шарт мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы жағдайларды қамтиды.

49. Отандық тауар өндірушілермен және отандық қызметтерді жеткізу шартта алдын ала ақы төлеуді және қызметтерді көрсеткені үшін толық ақы төлеуді қамтуы тиіс. Бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап құнтізбелік отыз күннен аспайды.

50. Егер әлеуетті өнім беруші Занда белгіленген мерзімде қол қойылған мемлекеттік сатып алу туралы шартты тапсырыс берушіге ұсынбаған немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған болып танылады.

51. Әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда тапсырыс беруші:

1) ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады және осындай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді;

2) мұндай әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға мәжбүрлеу туралы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруы арқылы келтірілген залалдарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Ерекше тәртіпті қолдана отырып,  
мемлекеттік сатып алуды  
жүзеге асыру қағидаларына  
3-қосымша

**Банк кепілдігі (мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны)**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 910 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Банктің атауы: \_\_\_\_\_

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің атауы мен деректемелері)

Кепілді міндеттеме № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ (орналасқан жері)

"Өнім беруші" \_\_\_\_\_ (өнім берушінің атауы) \_\_\_\_\_

— (тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы)  
жеткізу (орындаға, көрсетуге) \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ мемлекеттік

сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасқанын (жасасатынын) және Сіз Шартта Өнім беруші жалпы сомасы \_\_\_\_\_ тенгеге банк кепілдігі түрінде оның орындалуын қамтамасыз етеді деп көздегеніңді назарға ала отырып,

(банктің атавы) жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша кепілгер болып табылатынызыды және Сіздің төлеуге жазбаша талабынызыды, сондай-ақ Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанын немесе тиісінше орындағанын жазбаша растауды алғаннан кейін Сізге \_\_\_\_\_ (сомасы цифрен және жазумен) тен соманы төлеуге өзімізге кері қайтарылмайтын міндеттеме аламыз.

Осы кепілді міндеттеме қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

Осы кепілді міндеттемеге байланысты туындаитын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгерлердің қолы/электронды-цифрлық, күні және мекенжайы, қолтаңбасы, мөрі (қағаз жеткізгіште) (Банктің (банк филиалының) атынан оның бірінші басшысы немесе оның орынбасары және банктің бас бухгалтері).

Ерекше тәртіпті қолдана  
отырып, мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
4-қосымша

### **Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт**

**Ескеरту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

ЖЫЛҒЫ "\_\_\_"

(орналасқан жері)

Бұдан әрі тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_  
(тапсырыс берушінің толық атавы)  
атынан \_\_\_\_\_  
(уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)  
бір тараптан және бұдан әрі өнім беруші деп аталатын \_\_\_\_\_  
(өнім беруші - конкурс женімпазының толық атавы) атынан  
негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_  
(Жарғының, Ереженің және т.б.)

екінші тараптан, (уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және \_\_жылғы\_\_ \_\_\_\_ өткен \_\_\_\_\_ (конкурс, баға ұсыныстары, бір көзден алу тәсілімен) мемлекеттік сатып алу қорытындысы негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші (соманы цифрмен және жазбаша көрсету керек) мөлшердегі сомаға (бұдан әрі – шарттың бағасы) тауарларды тапсырыс берушіге жеткізуге міндеттенеді.

2. Осы шартта төменде келтірілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "шарт" – тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында Занға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) "шарттың бағасы" – шарт шеңберінде өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін өнім берушіге тапсырыс беруші төлеуге тиіс сома;

3) "тауарлар" – нәрселер (заттар), оның ішінде жартылай фабрикаттар немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектіленген нәтижелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

4) "ілеспе көрсетілетін қызметтер" – тауарды беруді қамтамасыз ететін, мысалы тасымалдау және сақтандыру сияқты көрсетілетін қызметтер және мысалы монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдем көрсетуді, оқытуды және өнім берушінің осы шартпен көзделген басқа да осыған ұқсас міндеттерін қамтитын кез келген басқа да қосалқы көрсетілетін қызметтер;

5) "тапсырыс беруші" – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

6) "өнім беруші" – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, тапсырыс берушімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

3. Төменде тізбеленген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас болігі болып саналады, атап айтқанда:

1) осы шарт;

2) сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің тізбесі;

3) техникалық ерекшелік.

4. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі;

3) Заңның 43-бабы 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарты.

5. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақшалай жарнасына тұтастай не бір бөлігінде талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны Тапсырыс берушінің Заңда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

6. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар дайындаудың технологиялық мерзімінің ұзақтығы оларды келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) жеткізуді негіздейтін тауарларды (дайындаушының осындай фактіні растайтын анықтамасы болуға тиіс) сатып алғанда мемлекеттік сатып алу шартын бір қаржы жылынан астам мерзімге жасасуы мүмкін.

Бұл ретте қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан астам мұндай мемлекеттік сатып алу туралы шартты бәсекелестік негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша белгіленген өнім берушілермен ғана жасасуға жол беріледі.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар басқару органдары немесе көрсетілген тұлғалардың жоғары органдары бекіткен даму жоспарында (бизнес-жоспарда) белгіленген, мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқталатын іс-шараны орындау үшін қажетті тауарларды, көрсетіледің қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасуы мүмкін.

8. Жылдық қаржылық есептілік аудиті бойынша Мемлекеттік сатып алу туралы шарт үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

9. Өнім беруші тауарды сатуға және жеткізуға, ал Тапсырыс беруші тауарды осы шарттың ажырамас болып табылатын Өнім берушінің конкурсстық өтінімі мен Тапсырыс берушінің конкурсстық құжаттамасына сәйкес сан мен сапада қабылдан алуға және ақысын төлеуге міндеттенеді.

Ақы төлеу нысаны \_\_\_\_\_ (аударым, қолма қол есеп айырысу және т.б.)

10. Төлеу мерзімі \_\_\_\_\_

(мысал: тауар межелі пунктте қабылданғаннан кейін % немесе алдын ала төлеу немесе т.б.).

11. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

---

---

(шот-фактура немесе қабылданғаннан кейін % немесе т.б.)

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Заңда көзделген мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өткізілген мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын және (немесе) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысын өзгертетін өзгерістерді Заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

12. Осы шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

13. Өнім беруші шарттың мазмұнын немесе оның қандай да бір ережелерін, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар берген техникалық құжаттаманы, жоспарларды, сыйбаларды, модельдерді, ұлгілерді немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз ешкімге ашпауға тиіс. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада берілуге тиіс.

14. Өнім беруші қандай да бір жоғарыда келтірілген құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатқа пайдаланбауға тиіс.

15. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауарларға, егер бұл техникалық ерекшелікте айтылса, олардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізуі мүмкін. Осы сынақтарға жұмсалатын барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Техникалық ерекшелікте Тапсырыс берушіге қандай түрдегі тексеру мен сынақ талап етілетіндігі, сондай-ақ олар қай жерде жүргізілуге тиіс екендігі көрсетіледі. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттарға арналған өзінің өкілдері туралы жазбаша түрде және уақтылы хабардар етеді.

16. Техникалық бақылау мен сынақ Өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігер(лер)інің аумағында, тауарларды жеткізу орнында және/немесе соңғы пунктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігер(лер)інің аумағында жүргізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс берушінің тарапынан қандай да болмасын қосымша шығынсыз сыйбаларға және өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

17. Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтан өткен тауарлар техникалық ерекшелікке сай келмесе, Тапсырыс беруші олардан бас тарта алады және Өнім беруші ақаулы тауарды не алмастырады, не Тапсырыс берушінің тарапынан қандай да болмасын қосымша шығынсыз техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес қажетті өзгерістер енгізеді.

18. Жоғарыда көрсетілгендердің бір де бір тармағы Өнім берушіні осы шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа да міндеттемелерден босатпайды.

19. Өнім беруші тауарларды соңғы межелі пунктіне тасымалдау кезінде олардың зақымданудан немесе бұзылудан қорғайтында оралуын қамтамасыз етеді. Орама қандай да болмасын шектеулесіз қарқынды көтергіш-көлік өндеуіне және тасымалдау кезіндегі экстремалды температураның, тұз бен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуге тиіс. Оралған жәшіктердің ауқымын және олардың салмағын анықтау кезінде соңғы жеткізу пунктінің алыстығы және тауарларды алып жүрудің барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуы ескерілуі қажет.

20. Жәшіктерді орау мен таңбалау, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттама Тапсырыс беруші белгілеген арнайы талаптарға қатаң сәйкес келуге тиіс.

21. Тапсырыс берушінің сатып алынатын Тауарлардың тізбесінде айтылған шарттарына сәйкес Тауарларды жеткізуді Өнім беруші былайша жүзеге асырады:

а) шетелден жеткізілетін Тауарлар үшін:

тауарды түсіргеннен кейін Өнім беруші Тапсырыс берушіге және сақтандыру компаниясына телекспен немесе факспен шарттың нөмірін, тауарлардың сипаттамасын, санын, кемені, коносамент нөмірін және оның күнін, тиеп жөнелтілетін порты мен күнін, түсірілетін портын және т.б. қоса алғанда, тасымалдаудың барлық мән-жайлары туралы хабардар етеді:

1) Тауарлардың сипаттамасы, Тауардың санын, бірлігінің бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесі;

2) көліктік жүккүжаттардың түпнұсқасы мен 3 көшірмесі;

3) әрбір орамның құрамын көрсетіп, орау парагының көшірмесі;

4) сақтандыру сертификаты;

5) Дайындаушиның немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты;

6) уәкілдегі инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізілгені туралы қуәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында техникалық бақылау жүргізілгені туралы есеп (егер мұндайлар орын алса);

7) тауардың шыққан жері туралы сертификат.

Жоғарыда көрсетілген құжаттарды Тапсырыс беруші Тауарлар портқа немесе жеткізу пунктіне келгенге дейін ең болмағанда бір апта бұрын алуға тиіс және олар алынбағанда Өнім беруші осыған байланысты барлық шығыстар үшін жауапты болады;

б) жергілікті Тауарлар үшін:

- 1) тауарлардың сипаттамасымен, тауарлардың санын, тауарлардың бір бірлігінің бағасын және жалпы сомасын көрсетіп, Өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесі;
- 2) көліктік жүккүжат, теміржол тұбіртегі немесе автожүк тұбіртегі;
- 3) дайындаушиның немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты;
- 4) уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізілгені туралы қуәлік, сондай-ақ Өнім берушінің зауытында техникалық бақылау жүргізілгені туралы есеп (егер мұндайлар орын алса);
- 5) тауардың шыққан жері туралы сертификат.

22. Шартқа сәйкес жеткізілетін тауарлар оларды дайындауға, сатып алуға, тасымалдауға, сақтауға және жеткізуге байланысты бүлінуден немесе бұзылудан теңгемен (немесе еркін айырбасталатын валютамен) толық сақтандырылуға тиіс (сақтандырудың қажетті түрін көрсету керек). Сақтандыру полисінде Тапсырыс беруші Өнім берушімен бірге сақтандыру компаниясынан өтемақы алатын тарап ретінде аталауды.

23. Сақтандыру әскери іс-қимылдар мен көтерілістерге байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, "барлық тәуекелдерден" сақтандыру кезінде "қоймадан қоймаға дейін" шарт сомасының 110 %-ы мөлшерінде болуға тиіс.

24. Өнім беруші Тауарларды межелі пунктіне дейін жеткізеді. Осы тауарларды межелі пунктіне дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және ақысын төлейді, ал оған байланысты шығыстар шарттың бағасына қосылады.

25. Осы шарттың шенберінде Өнім беруші конкурстық құжаттамада аталған көрсетілетін қызметтерді ұсынады.

26. Ілеспе көрсетілетін қызметтердің бағасы шарттың бағасына қосылуға тиіс.

27. Тапсырыс беруші Өнім беруші дайындастын немесе өткізетін қосалқы бөлшектер туралы мынадай ақпаратты, атап айтқанда, Тапсырыс беруші сатып алу үшін Өнім берушіден таңдай алатын және оларды кепілдік мерзімі өткеннен кейін пайдалана алатын қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасын беруді Өнім берушіден талап етуі мүмкін.

28. Өнім беруші қосалқы бөлшектердің өндірісін тоқтатқанда:

а) Тапсырыс берушіні өзіне қажетті санда қажетті сатып алушы жүргізе алуына мүмкіндік беру үшін өндірістің алдағы уақыттағы тоқтауы туралы алдын ала хабардар етеді;

б) қажет болғанда өндіріс тоқтағаннан кейін артынша Тапсырыс берушіге қосалқы бөлшектерге жоспарларды, сызбалар мен техникалық құжаттаманы тегін ұсынады.

29. Егер шартта өзгеше көзделмесе, Өнім беруші шарт шенберінде жеткізілген Тауарлар жаңа, пайдаланылмаған, конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы модификациялары көрсетілген жаңа не сериялық модель болып табылатындығына кепілдік береді. Өнім беруші, бұдан әрі, осы шарт бойынша берілген Тауарлар Тапсырыс берушінің елі үшін әдетте қолайлы жағдайларда берілген Тауарларды

қалыпты пайдаланған кезде конструкцияларына, материалдары мен жұмысына байланысты ақаулары болмайтындығына кепілдік береді. Тапсырыс беруші берген техникалық ерекшелікке қатаң сәйкестікте Өнім беруші дайындаған конструкцияларда, материалдарда ақау пайда болғанда, өзінің (Тапсырыс берушінің) техникалық ерекшелігінде Тапсырыс берушінің қателік жібергені үшін Өнім беруші жауапты болмайды.

30. Бұл кепілдік нақты жағдайға қарай, Тауарлардың бүкіл партиясын немесе оның бір бөлігін жеткізгендегі және оларды шартта көрсетілген соңғы межелі пунктінде қабылдан алғаннан кейін \_\_\_\_\_ ішінде жарамды. (қажетті кепілдік мерзімі көрсетілсін)

31. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушінің жазбаша түрде жедел хабардар етуге міндетті.

32. Мұндай хабарламаны алғаннан кейін Өнім беруші ақау шыққан Тауарды немесе оның бір бөлігін Тапсырыс берушінің тарапынан ешқандай шығынсыз жедел жөндейді немесе ауыстырады.

33. Егер Өнім беруші хабарламаны алыш, Тапсырыс беруші талап еткен мерзімде ақау(лар)ды түзетпесе, Тапсырыс беруші ақауларды жөндеу жөніндегі қажетті санкциялар мен шараларды Өнім берушінің есебінен және шарт бойынша Тапсырыс берушінің Өнім берушігө қатысты иеленуі мүмкін басқа да құқықтарына ешқандай залалсыз қолдана алады.

34. Жеткізілген Тауарлар үшін Өнім берушігө ақы төлеу осы шарттың \_\_\_\_ және \_\_\_\_ -тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімде жүргізілетін болады.

35. Тапсырыс берушінің шартта көрсеткен бағалары Өнім беруші өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен бағаларға сәйкес болуға тиіс.

36. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, шарттың құжаттарына ешқандай (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, тиеу, орау әдістері, жеткізілетін орны және т.б.) ауытқуларға немесе өзгерістерге жол берілмейді.

37. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушігө шарт бойынша тауарлардың кез келген бөлігін жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімнің азауына әкеп соғатын болса, шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Осы бап шенберінде түзету жүргізуге Өнім берушінің барлық сұрау салулары Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкімді Өнім беруші алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде берілуге тиіс.

38. Өнім беруші қандай да болмасын біреуге осы шарт бойынша өзінің міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз не толық, не ішінара бермейді.

39. Егер бұл конкурстық өтінімнің құжаттарында айтылған болса, Өнім беруші Тапсырыс берушігө осы шарт шенберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік

шарттардың көшірмесін береді. Қосалқы мердігерлердің болуы Өнім берушіні шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

40. Тауарларды жеткізуді Өнім беруші кестеге сәйкес жүзеге асырады.

41. Өнім беруші тарапынан жеткізудің орындалуын кідірту оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкеп соқтыруы мүмкін: шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қала отырып, Тапсырыс берушінің шартты бұзғаны не уақтылы жеткізбегені үшін тұрақсыздық айыбын төлеу.

42. Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, егер Өнім беруші шартта көзделген мерзімде Тауарды жеткізе алмаса, Тапсырыс беруші шарт шенберіндегі өзінің басқа да құқықтарына залалсыз, өнім беруші міндеттемені орындағанда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алады не мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісінше орындаған міндеттеменің 0,1 %-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алады.

43. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін басқа қандай да бір санкцияларға залалсыз, Өнім берушіге міндеттемелерді орындағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Тапсырыс беруші:

а) егер Өнім беруші Тауардың бір бөлігін немесе барлығын шартта көзделген мерзім(дер)де немесе Тапсырыс беруші берген осы шартты ұзарту кезеңі ішінде жеткізе алмаса;

б) егер Өнім беруші шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттемесін орындаі алмаса, осы шартты толық немесе ішінара бұза алады.

44. Егер шарттың орындалуын кешіктіру форс-мажор мән-жайларының салдары болып табылса, Өнім беруші өзінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеу немесе оны бұзу үшін жауапты болмайды.

45. Осы шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" Өнім берушінің тарапынан бақыланбайтын, Өнім берушінің қателігі немесе ұқыпсыздығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе зілзала апаттары, індег, карантин, тауарды жеткізуге әмбарго сияқты әрекеттерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

46. Форс-мажор мән-жайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы тез арада жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, бұл қаншалықты орынды болуына қарай Өнім беруші шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастырады және шартты орындаудың форс-мажор мән-жайларына тәуелді емес баламалы тәсілдерін іздестіреді.

47. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарламаны жібере отырып, Тапсырыс беруші шартты бұза алады. Бұл

жағдайда бұзы дереу жүзеге асырылады және егер шарттың бұзылуы залал келтірмесе немесе Тапсырыс берушінің іс-қимылдар жасауға қандай да бір құқықтарын немесе оған қойылған немесе кейіннен қойылуы мүмкін санкцияларды қолдануды қозғамауы шартымен, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндettі көтермейді.

48. Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, оның бұдан әрі шартты орындауы орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші кез келген уақытта оны бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттың міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ шарттың бұзылуы күшіне енген күн жазылады.

49. Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты күшін жойған кезде Өнім беруші шарт бұзылған күнге оны бұзуға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етеді.

50. Заңың 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышы Өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдем көрсеткенде мемлекеттік сатып алу туралы шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін. Осы негіздер бойынша шарттың бұзылуына байланысты болған шығындар үшін ғана Өнім беруші ақы талап етуге құқығы жоқ.

51. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде өздерінің арасында шарт бойынша немесе оған байланысты туындаитын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш-жігерін жүмсауға тиіс.

52. Егер осындаған келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

53. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт отандық тауар өндірушілермен немесе отандық қызмет көрсетушілермен жасалғанда, шартта алдын ала ақы төлеу және тауарларды жеткізгені не қызметтерді көрсеткені үшін толық ақы төлеу туралы талап қамтылады. Бұл ретте толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелер орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

54. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одактың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған күн салығын және акциздерді төлеу талаптарын қамтиды.

55. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, мемлекеттік сатып алу туралы шартты ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

56. Шарт қазақ және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төреліктे қарау қажет болғанда шарттың қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады.

Шартқа қатысты барлық хат алмасу және тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес болуға тиіс.

57. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалады.

58. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жөнелтіледі.

59. Хабарлама, күндердің қайсысы кеш болуына қарай, жеткізілгеннен кейін немесе күшіне ену көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

60. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

61. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге міндетті.

62. Өнім беруші жергілікті қамтуды (ол бар болса) конкурстық өтінімге сәйкес қамтамасыз етуге міндеттенеді.

63. Өнім беруші жеткізілетін тауардың бүкіл (барлық) партиясына (партияларына) тауардың шығарылған жері туралы СТ-КZ нысанындағы сертификатты ұсынуға міндеттенеді.

64. Осы шартта Тапсырыс беруші мен Өнім беруші белгіленген тәртіппен келісілген өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

65. Осы шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) тіркегеннен кейін және Өнім беруші Қағидалардың 121-тармағында көрсетілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

66. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші Өнім беруші

(толық атаяу) (толық атаяу)

(мекенжайы) (мекенжайы)

(телефоны, факсі) (телефоны, факсі)

(Т.А.Ә. (бар болса)) (Т.А.Ә. (бар болса))

(қолы) (қолы)

жылғы "—" жылғы "—"

М.О.

М.О

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін):

Осы Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы ұлгілік шарт Тапсырыс берушінің тауарларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы процесінде Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында туындастын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы шартты пайдалана отырып, Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде өзінің тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартының түпкілікті жобасын әзірлейді. Бұл ретте осы шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасына, Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуға тиіс. Осы шартта курсивпен бөліп көрсетілген түсіндірулерді Тапсырыс беруші толтыруға тиіс.

Ерекше тәртіпті қолдана  
отырып, мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қагидаларына  
5-қосымша

### Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы ұлгілік шарт

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ (орналасқан жері)

Бұдан әрі тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің толық атауы)

атынан \_\_\_\_\_,

(уәкілдік адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бір тараптан және бұдан әрі өнім беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

атынан \_\_\_\_\_

(өнім беруші - конкурс женімпазының толық атауы)

негізінде әрекет ететін (Жарғының, Ереженің және т.б.)

(уәкілдік адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

екінші тараптан "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_ өткен \_\_\_\_\_ (конкурс, баға

ұсыныстары, бір көзден алу тәсілімен) мемлекеттік сатып алу қорытындыларының негізінде осы Мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруши – (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету керек) тапсырыс беруші үшін осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды (жұмыстардың қысқаша сипаттамасы) жариялады және оларды орындауға сомасы (сомасын сандармен және жазумен көрсету керек) (бұдан әрі – шарттың бағасы) мөлшерінде мердігердің конкурсқа қатысуға өтінімін қабылдады.

2. Жұмыстар Жоба бойынша орындалады (Жобаның аты, объектінің атауы мен орналасқан жері)

---

Бас жобалаушы (ұйымның атауы мен мекенжайы)

3. Осы шартта төменде келтірілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "тапсырыс беруші" – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес занды тұлғалар;

2) "бас мердігер" (бұдан әрі – мердігер) – тапсырыс берушімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін занды тұлға, сондай-ақ консорциум;

3) "қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы)" – шарт бойынша участеде (объектіде) жұмыстардың бір бөлігін орындауға мердігермен шартты және (немесе) келісімі бар тұлға немесе ұйым;

4) "техникалық қадағалаушы" – тапсырыс беруші тағайындаған және мердігерлік жұмыстарды мердігердің шарт талаптарына сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға мердігерге хабарланған тұлға;

5) "объект" – мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушымен салуға, реконструкциялауға жататын ретінде айқындалған және шартта көзделген түрде мердігермен тапсырыс берушіге берілетін ғимарат, құрылыш;

6) "учаске" – объект салу немесе жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген аумақты білдіреді;

7) "шарт бағасы" – мердігер өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен және тапсырыс беруші қабылдаған шарттың жалпы сомасы;

8) "шарт" – "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тапсырыс беруші мен мердігердің арасында ғимараттар мен құрылыштарды салуға және жөндеу-құрылыш жұмыстарына жасалған азаматтық-құқықтық шарт. Қол қойылғаннан кейін шарттағы барлық өзгерістер мен толықтырулар өзгерістер қабылдау жолымен

жасалуы мүмкін. Шарт жобалаушы мен мердігер, тапсырыс берушілер мен қосалқы мердігерлер арасында қандай да бір шарттық қатынастар жасайтындей етіп түсіндірілмейді;

9) "уақытша құрылыштар" – объектіні салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және объектіні салуды аяқтағаннан кейін мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыштар;

10) "материалдар" – объектіні салу үшін мердігер мен қосалқы мердігер пайдаланатын барлық шығыс материалдар;

11) "жабдық" – мердігер мен қосалқы мердігердің объектіні салу үшін участеде уақытша тұрған барлық машиналар мен тетіктер;

12) "құрылыштың ұзақтық мерзімі" – мердігер объектіні салуды аяқтауға тиіс мерзім ;

13) "күндер" – күнтізбелік күндер, "айлар" – күнтізбелік айлар;

14) "өзгерістер" – тапсырыс беруші шартқа қол қойылғаннан кейін берген өзгерістер;

15) "ақау" – жұмыстардың шарт талаптарын бұзып орындалған бөлігі;

16) "кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі" – жұмыстардың орындалуын тексеру процесінде табылған кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі.

4. Төменде тізбеленген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас болігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы шарт;

2) шарттың нысанасы/сатып алынатын жұмыстардың тізбесі;

3) техникалық ерекшелік;

4) жобалау-сметалық құжаттама/жұмыс сыйбалары (сызбалардың нөмірлері мен олардың күндерін көрсету керек);

5) өзге құжаттар (тапсырыс беруші шарттың құжаттарына енгізгісі келетін қосымша құжаттарды көрсету керек).

5. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдайды:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарна;

2) банк кепілдігі;

3) Заңның 43-бабы 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарты.

6. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақшалай жарнасына тұластай не бір бөлігіне талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Өнім беруші

енгізген кепілдік ақшалай жарнаны тапсырыс берушінің Занда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

7. Мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамада оларды аяқтау мерзімі келесі (кейінгі) қаржылық жылы (жылдары) көзделген жұмыстарды сатып алғанда мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар мемлекеттік сатып алу шартын бір қаржы жылынан астам мерзімге жасауы мүмкін.

Бұл ретте қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан астам мемлекеттік сатып алу туралы мұндай шарттарды бәсекелестік негізінде өткізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша анықталған өнім берушілермен ғана жасасуға рұқсат етіледі.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайзы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар көрсетілген тұлғалардың басқару органы немесе жоғары органы бекіткен даму жоспарында (бизнес-жоспарында) оларды аяқтау мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылына (жылдарына) белгіленген іс-шараларды орындау үшін қажетті жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасуы мүмкін.

8. Мердігер осы шартта көзделген барлық жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасы салық заңнамасының, Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының және (немесе) Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының талаптарына сәйкес қосылған құн салығын және акциздерді төлеу шарттарын қамтиды.

10. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасалғанда мемлекеттік сатып алу туралы шартты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, ол ұсынған нысанда ресімдеуге жол беріледі.

11. Шарт қазақ және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шартты төреліктे қарау қажет болғанда шарттың қазақ және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты барлық хат алмасу және тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес болуға тиіс.

12. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өткізілген мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын және (немесе) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысын өзгертетін өзгерістерді Заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

13. Объектіні салу мәселелеріне қатысты тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы ресми қатынастың жазбаша түрде ғана күші болады.

14. Бас мердігер тапсырыс берушіге аталған шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттарының көшірмелерін береді.

15. Мердігер қосалқы мердігер ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) екіден бір бөлігінен аспайтын көлемінде ғана шарт жасаса алады және тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғага бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы шарттың талаптарын өзгертпейді.

16. Участкеде қосалқы мердігерлер бар болса, мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отырады.

17. Тапсырыс беруші мердігерге объектінің құрылышын салуға (жөндеуге, реконструкциялауға) жобалау-сметалық құжаттаманы береді (мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс құрылышты "дайын тапсыру" шартымен өткізілген кезде бұл талап осы шартта ескерілуге тиіс).

18. Мердігер негізгі лауазымдарға біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Бұл тұлғаларды басқалармен алмастырған кезде мердігер мұндай алмастыруға тапсырыс берушінің келісімін алады. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерде тізбеленген қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуға тиіс.

19. Егер тапсырыс беруші себептерін көрсете отырып, мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкери болып табылатын тұлғаны Объектідегі жұмыстарды орындаудан шеттетуді сұрайтын болса, мердігер бұл тұлғаны 72 сағат ішінде құрылыш объектісінен шығаруға міндетті, одан кейін осы шарт бойынша жұмыстарды орындаумен бұл тұлғаның ешқандай байланысы болмауға тиіс.

20. Мердігер тапсырыс берушінің мұлкіне, меншігіне шығын немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және шартты орындау ағымында және салдарынан туындаитын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

21. Тапсырыс беруші тәуекелдің ерекше түрлері үшін, атап айтқанда: соғыс, көтеріліс, революция, азаматтық соғыс, бүлік, тәртіпсіздіктер (егер оған Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатысса) тәуекелі үшін жауапты болады. Мердігер тапқан және конкурстық құжаттамада көрсетілмеген топырақтың уытты және жарылғыш заттармен улануы және егер осы табылғандар жұмыстарды орындауға тікелей әсер ететін болса, тапсырыс берушінің тәуекелі болып табылады.

22. Мердігер ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, жұмыстар басталған қүннен бастап жұмыстар толық аяқталғанға дейінгі кезеңге тапсырыс берушінің атына сақтандыру өтемін қамтамасыз етеді.

Сақтандыру объектілері және сомасы

(жабдықтар беруді сақтандыру, адамдарды және т.б. сақтандыру)

23. Мердігер сақтандыру полистері мен сертификаттарын бекіту үшін тапсырыс берушіге жұмыстар басталатын күнге дейін ұсынуға тиіс.

24. Егер мердігер талап етілетін сертификаттарды ұсынбаса, тапсырыс беруші Мердігер қамтамасыз ететін сақтандыруды жүргізуіне және бұл шығыстарды шарттың қунынан ұстап қалуына болады.

25. Мердігер тапсырыс берушінің келісімінсіз сақтандыру шарттарына ешқандай өзгеріс жасай алмайды.

26. Екі тарафта сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.

27. Тараптардың әрқайсысы өздерінің бірлескен іс-қимылдының немесе кемшилікттерінің нәтижелері болып табылған шығындар, шығыстар және шығындар бойынша қуыннымдар, адамдардың денсаулығына келтірілген залал мен олардың өлімі үшін жауапты болады және екінші тарафқа оларды өтейді.

28. Мердігер объектідегі жұмыстар өндірісінің қауіпсіздік техникасы үшін толығымен жауапты болады.

29. Тапсырыс беруші мердігерге объектіні салуға бөлінген участкені толық пайдалануға рұқсат етеді. Егер участке берілетін күнге құрылышқа берілген участкенің бір бөлігі берілмеген болса және осы себеппен жұмыстардың орындалуы кідірсе, онда бұл жағдайда тапсырыс беруші жұмыстарды аяқтау мерзімін осы участкені беру кідіртілген мерзімге ұзартады.

30. Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеушілер участкеге немесе шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа орынға әрқашан кіре алады.

31. Тапсырыс беруші мен мердігер шарт бойынша немесе оған байланысты өздерінің арасында туындаитын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық құш-жігерін салуға тиіс.

32. Егер тапсырыс беруші мен өнім беруші осындай бейресми келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде шарт бойынша дауды бейбіт жолмен шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

33. Егер мердігер шарттық құжаттардың талаптарын бұзып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындаамаса, сондай-ақ егер мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болып шықса, тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен мердігерге жұмыстарды тұластай немесе тоқтап қалу себептерін жойғанға дейін бір бөлігін тоқтату туралы нұсқау бере алады.

34. Егер мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін жеті күн ішінде жазбаша немесе әрекетімен жауап бермесе, тапсырыс беруші көрсетілген жеті күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын

қайта жолдайды. Егер мердігер келесі жеті күндік мерзім ішінде көрсетілген ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, тапсырыс беруші өзінің басқаша ықпал ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындауды мүмкін. Мұндай жағдайларда өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады, оның негізінде мердігерге төленуге тиіс сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындарын өтеуді қоса алғанда, көрсетілген ақауларды түзету құны шегеріледі. Егер мердігерге төленуге тиіс сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, мердігер тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

35. Мердігер \_\_\_\_\_ мерзім ішінде тапсырыс берушіге объектіні салу бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ тапсырыс беруші тарапынан өзінің конкурстық өтініміне сәйкес төлемдерді жүргізу кестесі баяндалған жұмыстардың өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

36. Егер форс-мажор мән-жайлары орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер жұмыстарды орындау процесінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайларда тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте мердігер азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етеді.

37. Мердігер білімін және қолда бар барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмысты бақылап және бағыттап отыруға міндетті. Мердігер құралдар, әдістер, техника, дәйектілік және жұмыстардың орындалу сапасы, сондай-ақ шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіру үшін толығымен жауапты болады және бақылауды жүзеге асырады.

38. Мердігер тапсырыс берушінің алдында өз қызметкерлерінің, қосалқы мердігер(лер)дін, қосалқы мердігер(лер)дің қызметкерлері мен сенім білдірілген тұлғаларының, сондай-ақ мердігермен шарт негізінде шарт шенберіндегі жұмыстардың бір бөлігін орындаитын басқа да тұлғалардың іс-әрекеті мен кемшіліктері үшін жауапты болады.

39. Тапсырыс беруші жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция ақаулы болып шықса, мердігер жұмыстардың ақауын түзетеді және (немесе) конструкцияны алмастырады.

40. Тапсырыс беруші табылған кез келген ақаулар туралы ақауларды түзету мерзімін көрсете отырып, мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді.

41. Мердігер ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.

42. Ақы төлеу нысаны \_\_\_\_\_  
(аудару, қолма-қол есеп айырысу және т.б.)

43. Төлемдердің түрлері мен мерзімі \_\_\_\_\_

(төлемдердің қалай жүргізілетінін және төлеу мерзімін көрсету керек:

аванстық төлем, ағымдағы төлемдер, соңғы төлемақы)

44. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

(шот-фактура немесе орындалған жұмыстарды қабылданап алу-беру актісі немесе т.б.)

45. Тапсырыс беруші мердігерге \_\_\_\_ сомасында аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізуі мүмкін. Мердігер төленген авансты осы шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге ғана пайдаланады.

46. Тапсырыс беруші аванстық төлемдерді жүзеге асырғанда, ай сайынғы төлемдер орындалған жұмыстардың көлеміне тепе-тен \_\_\_\_\_ мөлшерде аванстық төлемдердің сомасын шегере отырып түзетіледі.

Төлем мерзімі \_\_\_\_\_.

47. Егер Тапсырыс беруші мердігерге тиесілі соманы шартта көрсетілген мерзімде төлемесе, онда бұл жағдайда ол мердігерге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі сомасының 0,1%-ы мөлшерінде кідіртілген төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбы келесі төлеммен бірге жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбының пайызы төлем жүргізілуге тиіс болған күннен бастап есептеледі және соңғы төлем жүргізілген күнмен аяқталады.

48. Мынадай оқиғалар жұмыстардың ұзақтық мерзімін өзгертуге немесе Мердігерге ақшалай өтемақы төлеуге алып келеді:

1) Тапсырыс беруші объектінің барлық участкерлерін пайдалануға рұқсат етпесе, бұл жұмыстардың орындалуын кідіртеді. Бұл жағдайда тапсырыс беруші осы шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартуға міндettі;

2) Тапсырыс беруші мердігерге шартта жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқама берсе. Егер осы сынақта қандай да бір ақаулар анықталмаса, онда сынақ өткізу үшін жұмыстарды тоқтату уақыты жұмыстарды орындаудың шарттық мерзіміне қосылады;

3) аванстық төлем кешіктірілсе;

4) объектіде бірнеше мердігер болса, тапсырыс берушінің басқа мердігерлер үшін жасаған жұмыстар кестесі осы шарт бойынша мердігердің жұмыстарды орындау мерзіміне келеңсіз әсер етсе.

Өтемақылар сомасы мердігермен келісіледі.

49. Ақшалай өтемақы мердігерге барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін және кемшіліктер мен ақаулар тізбесі жойылғаннан кейін ғана төленеді.

50. Мердігер тапсырыс берушіге шарт бойынша жеткізілетін материалдар мен жабдықтардың техникалық ерекшеліктер мен жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келетініне, жұмыс оның сапасын жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгерілген жұмыс ақаулы деп танылады. Мердігер беретін кепілдіктерге, мердігер (

Қосалқы мердігер) жүзеге асырмagan пайдалану, тұрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның жол берілетін тозуы немесе бұлінуі себебінен залалды өтеу немесе ақауды түзету кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының техникалық ерекшеліктерге және/немесе жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін куәландыратын құжаттарды береді.

Мердігер тапсырыс берушіге \_\_\_\_\_ жыл мерзімге пайдалануға кепілдік береді.

51. Егер екінші тарап шарттың талаптарын шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратындағы едәуір бұзушылық жасаған болса, тапсырыс беруші немесе мердігер шартты шартта көрсетілген мерзімге дейін бұза алады.

52. Шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ тізбеленгенмен шектелмейді:

1) егер мердігер жұмыстар кестесін орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші шартты бұза алады;

2) мердігер тапсырыс берушінің тоқтатуға рұқсатын алмай \_\_\_\_\_ дейінгі мерзімге жұмысты тоқтата тұрса;

3) мердігер тапсырыс беруші белгілеген негізді уақыт кезеңі ішінде тапсырыс беруші көрсеткен ақауларды жоймаса;

4) тапсырыс беруші мердігерге жұмыстар барысын кідіртуге нұсқама берсе және мұндай нұсқама \_\_\_\_\_ күн ішінде күшін жоймаса;

5) тапсырыс беруші не мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) тапсырыс беруші мердігерге тапсырыс берушінің техникалық бақылаушысы растаған соманы сома расталған күннен кейінгі \_\_\_\_\_ күн ішінде төлемесе;

7) мердігер жобалау құжаттамасында және шарттың құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу қағидаларын, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

53. Егер шарт мердігердің шартты едәуір бұзуы себебінен бұзылса, тапсырыс берушінің жаңа мердігерді таңдауына аванstar мен шығындарды шегере отырып, тапсырыс беруші мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер тапсырыс берушінің шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма тапсырыс берушіге төленуге жататын борышты құрайды.

54. Тапсырыс беруші мердігерге оның шартты бұдан әрі орындауының орынсыздығына орай тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Заңның 5-бабының 13-тармағына сәйкес кез келген уақытта шартты бұза алады, хабарламада шартты бұзу себебі көрсетіледі, шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне енетін күні баяндалады.

55. Мұндай жағдайларда тапсырыс беруші орындалған барлық жұмыстардың, сатып алынған жабдықтардың құнын, объектіден машиналар мен механизмдерді шығаруға шығыстарды және объектіні консервациялау құнын төлейді.

56. Шарт жоғарыда тізбеленген мән-жайларға байланысты күшін жойған кезде мердігер шарт бұзылған күнге оны бұзуға байланысты іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етеді.

57. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастыруши әлеуетті өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдем көрсетсе.

Егер шарт бұзылса, мердігер дереу жұмысты тоқтатып, объектіні консервациялауды және оны тапсырыс берушіге белгіленген тәртіппен тапсыруды қамтамасыз етеді.

58. Егер шарт мердігердің шарт талаптарын едәуір бұзыу себебінен бұзылатын болса, объектідегі барлық материалдар мен жабдық, сондай-ақ уақытша құрылыштар мен орындалған құрылыш жұмыстары тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның иелігінде болады.

59. Егер дүлей апат, ұрыс қимылдары немесе тапсырыс беруші немесе мердігер бақылай алмайтын қандай бір басқа форс-мажорлық оқиға шарттың орындалуын бұзса, тапсырыс беруші шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін аса қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші мердігерге объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

60. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жауын-шашынға, су тасқынына, аязға, өртке, үрлікқа және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыштарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мұліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етеді. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

61. Жоғарыда айтылған себептер бойынша жұмыстар толық аяқталғанға және қабылданғанға дейін мердігер жұмыстарына қандай да бір нұқсан тигені немесе олардың зақымданғаны үшін тапсырыс беруші жауапты болмайды және мердігер

қандай да бір зиянды барлық түзетуді, қандай да бір зақымдануды және өзге де жоғары айтылғандар нәтижесінде өзге де ақауларды қосымша өтеусіз жүзеге асырады.

62. Мердігер жеткізетін, объектіге жеткізілуге тиіс барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыру үшін мердігер жауапты болады. Жеткізу мердігердің атына ғана жүзеге асырылады. Жеткізумен, өндеумен, сақтаумен және көлік құралдарының түрып қалуына ақы төлеумен байланысты шығыстар үшін тапсырыс беруші ешбір жағдайда жауапты болмайды. Ешбір жағдайда жеткізу тапсырыс берушінің атына жіберілмейді.

63. Мердігер тапсырыс берушіге участкеде материалдар мен жабдықтар алу кестесін береді. Сақтау, төсөу немесе қатарлап жинау үшін тапсырыс беруші рұқсат берген участкелер ғана пайдаланылуы мүмкін. Егер мердігер өзінің материалдары мен жабдықтарын түсіруді және сақтауды кідіртетін болса және егер мұндай кідірту тұластай алғанда жұмыстарды жүзеге асыруға зиян келтіретін болса, тапсырыс беруші мердігердің материалдары мен жабдықтарын тиеу мен сақтауды мердігердің есебінен жүзеге асыруы мүмкін (бірақ мұны жасауға міндетті емес). Бұл жағдайда тапсырыс беруші кемінде бір жұмыс күні бұрын мердігерді жұмыстардың басталған күнін және орнын көрсете отырып, мұндай жұмыстардың жүзеге асырылуы туралы хабардар етуге міндетті. Егер мұндай түсіруді немесе сақтауды тапсырыс беруші жүзеге асыратын болса, жоғарыда айтылғаның зиянына немесе зақымдануына байланысты бүкіл тәуекелді мердігер көтереді.

64. Тапсырыс беруші беретін материалдар мен жабдықтарды тапсырыс беруші мен мердігер бірлесіп қабылдайды және тексереді. Құрылыш алаңында түсіруді мердігер жүзеге асырады. Мұндай қабылдау қабылданап алу туралы Мердігер дайындастырын жазбаша құжатпен куәландырылуға тиіс. Мұндай материалдар мен жабдықтарға қолданылатын кез келген кемшілік немесе зақымдану қабылданап алу туралы жазбаша құжатта нақты белгіленуге тиіс. Мұндай материалдар мен жабдықтарды қабылдағаннан кейін мердігер осындағы материалдар мен жабдықтардың өнделуі мен сақталуы үшін және жоғарыда көрсетілгендер жоғалған немесе зақымданған жағдайда толық жауапты болады. Мердігер өзінің жұмыстарын аяқтағаннан кейін қалатын материалдардың немесе жабдықтардың кез келген артық саны тапсырыс берушіге қайтарылуға тиіс.

65. Егер шартта тапсырыс берушінің материалдарын немесе жабдықтарын жеткізу көзделген болса, мердігер оларды жеткізу үшін қажет болуы мүмкін мерзімдер туралы тапсырыс берушіні алдын ала хабардар етеді. Бұл мерзімдер мердігердің жұмыс кестесінде көзделеді.

66. Егер шартқа сәйкес тапсырыс беруші осы шартта көзделген жұмыстарды орындау үшін негізді көлемде электр энергиясымен және сумен қамтамасыз ететін болса, мердігер қосуды орындау үшін және су мен электр энергиясын тапсырыс беруші

белгілеген қосу нүктесінен бөлу үшін жауап береді. Осы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етудегі үзілістер жұмыстардың ұзақтығын өзгерту үшін негіз болып табылады.

67. Мердігер участкенің аумағын таза ұстайды. Мердігер участкеден барлық құрылымдардың жоюға және участкені жедел түрде тәртіпке келтіруге міндетті.

68. Егер мердігер участкені осы шарт талап ететіндей таза ұстauғa жағдайы келмесе, шығыстарды мердігердің есебіне жатқыза отырып, осы жұмысты Тапсырыс беруші орындауы мүмкін.

69. Мердігер шартта баяндалған барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыстардың аяқталғаны туралы тапсырыс берушіге хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші жеті күн мерзімнен кешіктірмей шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуын бағалау жөніндегі комиссияны (жұмыс комиссиясы) тағайындауды.

70. Жұмыс комиссиясы мердігердің қатысуымен өткізіледі.

71. Жұмыс комиссиясы актісінің күні жұмыстар аяқталған күн болып саналады.

72. Жұмыс комиссиясы кемшіліктердің тізбесін жасайды және оларды жою мерзімін көрсетеді. Кемшіліктерді жою күні шарттың аяқталған күні болып саналады. Барлық кемшіліктерді жою фактісі объектіні пайдалануға түпкілікті қабылдау актісімен (Мемлекеттік комиссия актісімен) анықталады.

73. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, өнім берушінің тарапынан шарт бойынша жұмыстарды орындау не орындалған жұмыстар бойынша кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттемелерін орындағаны не тиісінше орындағаны үшін тапсырыс беруші шарт шенберіндегі өзінің басқа да құқықтарына нұқсан келтірмей, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өнім беруші міндеттемені орындағанды мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде не мерзімі өткен әрбір күн үшін тиісінше орындаған міндеттеменің 0,1 %-ы мөлшерінде өндіріп алады.

74. Осы шарттың күшіне енетін күні жұмыстардың басталған мерзімі болып саналады (не осы күн шартта айқындалады).

75. Мердігер осы шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін жұмыстар басталғаннан кейін күнтізбелік (күн санын көрсету керек) күннен кешіктірмей аяқтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Бұл ретте мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жұмыстарды орындаудың ең аз мерзімі кемінде күнтізбелік он бес күн.

76. Өнім беруші (мердігер) конкурстық өтінімге сәйкес жергілікті қамтуды (ол бар болса) қамтамасыз етуге міндеттенеді\*.

\*Ескертпе: осы норма мемлекеттік сатып алушы мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар өткізген кезде қолданылады.

77. Тапсырыс беруші осы шарт бойынша орындалған көлем үшін осы шартта айтылған соманы төлеуге міндеттенеді.

78. Мердігер орындаған жұмыстардың сомасынан ай сайын (немесе басқа кезеңді көрсету керек) тапсырыс беруші орындалған жұмыстар құнының 5 %-ын ұстап қалады, бұл мердігерге барлық жұмыстар орындалғаннан және кемшіліктер мен ақаулар тізбесі жойылғаннан кейін төленеді (бұдан әрі - түпкілікті ақы төлеу).

79. Осы шарт бойынша мердігерге түпкілікті ақы төлеуді тапсырыс беруші мердігер осы шарт бойынша міндеттемелерді және ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындағанда жүргізеді.

80. Осы шартта тапсырыс беруші мен мердігер белгіленген тәртіппен келіскең өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

81. Мердігер конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті (егер осындай қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе).

82. Осы шарт тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) тіркегеннен кейін және өнім беруші Қағидалардың 121-тармағында көрсетілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

83. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші Өнім беруші

(толық атауы) (толық атауы)

(мекенжайы) (мекенжайы)

(телефоны, факсі) (телефоны, факсы)

(Т.А.Ә. (бар болса)) (Т.А.Ә. (бар болса))

(қолы) (қолы)

жылғы "\_\_\_" жылғы "\_\_\_"

М.О. М.О

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін): \_\_\_\_\_

Осы Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы ұлгілік шарт Тапсырыс берушінің жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы процесінде Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында туындастын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы шартты пайдалана отырып, Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде өзінің жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартының түпкілікті жобасын

әзірлейді. Бұл ретте осы шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасына, Тапсырыс берушінің конкурсстық құжаттамасына, Өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуға тиіс. Осы шартта курсивпен бөліп көрсетілген түсіндірулерді Тапсырыс беруші толтыруға тиіс.

Ерекше тәртіпті қолдана  
отырып, мемлекеттік сатып  
алуды жүзеге асыру  
қағидаларына  
6-қосымша

### **Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт**

**Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.12.2021 № 953 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_"

(орналасқан жері)

Бұдан әрі тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

(тапсырыс берушінің толық атауы) атынан

(уәкілдегі адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бір тараптан және бұдан әрі өнім беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

(өнім беруші - конкурс жеңімпазының толық атауы)

атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

(Жарғының, Ереженің және т.б.)

екінші тараптан (уәкілдегі адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң ) және \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ өткен \_\_\_\_\_

– (конкурс, баға ұсыныстары, бір көзден алу тәсілімен) мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде осы мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Өнім беруші тапсырыс берушіге мөлшері (соманы цифмен және жазбаша көрсету керек) сомага (бұдан әрі – шарттың бағасы) қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

Бұл ретте ҚҚС сомасы (соманы цифмен және жазбаша көрсету), акциз сомасы (сома цифмен және жазбаша көрсету керек) құрайды.

2. Осы шартта төменде келтірілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) шарт – тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) шарттың бағасы – шарт шеңберінде өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін өнім берушіге тапсырыс беруші төлеуге тиіс сома;

3) көрсетілетін қызметтер – тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

4) тапсырыс беруші – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

5) өнім беруші – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, онымен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

3. Төменде тізбеленген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас болігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлардын/көрсетілетін қызметтердің тізбесі;
- 3) техникалық ерекшелік.

4. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізеді. Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

1) тапсырыс берушінің банк шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны;

- 2) банк кепілдігін;

3) Заңды 43-бабы 11-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын таңдайды.

5. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілдік ақша жарнасына тұтастай не бір бөлігіне талап қою құқығының туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді. Өнім беруші енгізген кепілдік ақшалай жарнаны тапсырыс берушінің Занда көзделмеген мақсатқа пайдалануына жол берілмейді.

6. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер және жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындармен бір қаржы жылынан асатын мерзімге мемлекеттік сатып алу туралы шарт мынадай:

1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскери қуралымдарының жеке құрамын тамақтандыруды үйимдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді. Мұндай мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылу мерзімі үш жылдан аспайды;

2) көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларда бір қаржы жылынан асатын мерзімге сатып алғанда.

Бұл ретте жоғарыда көзделген жағдайларда қолданылу мерзімі бір қаржы жылынан астам мұндай мемлекеттік сатып алу туралы шартты бәсекелестік негізде жүргізілген мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша белгіленген өнім берушілермен ғана жасасуға жол беріледі.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайзызы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес занды тұлғалар басқару органдары немесе көрсетілген тұлғалардың жоғары органдары бекіткен даму жоспарында (бизнес-жоспарда) белгіленген, мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) аяқталатын іс-шараны орындау үшін қажетті тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарт жасасуы мүмкін.

8. Жылдық қаржылық есептілік аудиті бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт үш жылдан аспайтын мерзімге жасалуы мүмкін.

9. Өнім беруші қызметті көрсетуге, ал тапсырыс беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өнім берушінің конкурстық өтінімі мен тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына сәйкес сан мен сапада көрсетілген қызметті қабылдап алуға және оған ақы төлеуге міндеттенеді. Ақы төлеу нысаны \_\_\_\_\_ (аударым, қолма қол есеп айырысу және т.б.)

10. Төлеу мерзімі \_\_\_\_\_

(мысал: қызметтер межелі пунктте көрсетілгеннен кейін % немесе алдын ала төлеу немесе т.б.).

11. Төлеу алдындағы қажетті құжаттар: \_\_\_\_\_

(шот-фактура немесе қабылдап алу-беру актісі немесе т.б.)

Мемлекеттік сатып алу туралы шарт Занда көзделген жағдайларда мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу талаптарын көздейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өткізілген мемлекеттік сатып алу шарттарының мазмұнын және (немесе) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысын өзгеретін өзгерістерді Заңның 45-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

12. Осы шарт шеңберінде көрсетілетін қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуге немесе олардан жоғары болуға тиіс.

